



# TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//4 АҚПАН 2021 ЖЫЛ

▶ ПРЕЗИДЕНТ

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР

Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің үшінші отырысы өтті. Жылда еліміздің 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары, мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі, мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы, 2021-2025 жылдарға арналған жекешелендіру жоспарының жобасы, сондай-ақ жедел реформалар топтамасы және халық санағын өткізу мәселелері қарастырылды.

БЕКЕТ КӨКЕНАЙҰЛЫ

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша кеңес мүшелерін тыңдаған Президент өз кезегінде оларды іске асырудың нақты тетіктеріне тоқталды, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Мемлекеттік жоспарлаудың жаңартылған жүйесінің бағдарламалық құжаттары мейлінше икемді болашақ, стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысын арттыруға, мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларына қойылған міндеттерді орындау үшін тікелей жауапкершілігін айқын бекітуге тиіс.

Еліміздің 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында алдымыздағы ортамерзімді міндеттер айқындалып, аса маңызды салаларды дамыту, негізгі саясатты жетілдіру жөніндегі басты бағдарлар көрініс табуы тиіс.

Қызмет түрлері мен салаларын түйткілді мәселелерін шешуге бағытталған ұлттық жобалар арқылы белгілі бір кезеңде нақты



нәтижеге қол жеткізу және оларды толықтай қаржыландыру керек. Қазіргі уақытта қолға алынған цифрландыру, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, кәсіпкерлік, бәсекелестік, қоршаған ортаны қорғау және басқа да бірқатар жобалар биыл 1 шілдеге дейін дайындалып, бекітілмек.

Үкімет ұсынған еліміздің 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының жобасы 12 стратегиялық бағыттан тұрады. Олар институционалдық, экономикалық және әлеуметтік болып үш салаға бөлінген. Даму жоспары бойынша 2025 жылға қарай өсім деңгейі 5 пайызға, негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемін жалпы ішкі өнімнің 30 пайызына, шикізаттық емес экспортты 2 есеге, яғни 41 миллиард тенгеге, еңбек өнімділігін 45 пайызға дейін ұлғайту негізгі көрсеткіш болмақ.

Қазақстандықтардың тұрмыс деңгейі мен сапасын арттыру жөніндегі шаралардың нәтижесінде азаматтардың өмір сүру ұзақтығы 75 жасқа дейін ұлғаяы тиіс.

Сондай-ақ Қазақстанның халықаралық рейтингтердегі деңгейін, атап айтқанда, оқушылардың білім көрсеткіштері, цифрлық бәсекеге қабілеттілік, заң үстемдігі индекстері бойынша жақсарту көзделген.

Мемлекет басшысы Ұлттық жоспар бүгінгі жаһандық үрдістерді ескере отырып, ел дамуының негізгі бағыттары мен цифрлық параметрлерін қалыптастыратынын атап өтті. Еліміздің ортамерзімді перспективалы дамуы аталған реформалардың нағалы іске асырылуына тікелей байланысты болмақ.

Стратегиялық көрсеткіштердің егжей-тегжейлі картасы – Ұлттық жоспардың ажырамас бөлігі. Соған сәйкес әрбір мемлекеттік органға және ірі квазимемлекеттік ұйымға белгіленген кезеңде қол жеткізуге тиіс нақты көрсеткіштердің тізбесі бекітіледі. Көрсеткіштердің нәтижесі ақиқаттан алыс болмауы керек. Біздің басты мақсатымыз – бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру және әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына кіру.

Ұлттық даму жоспарының аясын-

да ұсынылған реформалардың көбісі Кәсіпкерлік, Бюджеттік және Салық кодексі сияқты заңнамалық актілерге өзгерістер енгізуді қажет етеді. Осы ретте Мемлекет басшысы Үкіметтің Парламентпен конструктивті жұмыс істеуі, депутаттық корпус ұлттық жоспардың табысты жүзеге асуы үшін барлық қажетті заңнамалық базаны қамтамасыз етуге тиіс екенін атап өтті.

Екінші, Мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында өкімшілік-бақылау бағытындағы әдістер адам мен оның ігілігі басты құндылықтар саналатын мемлекет пен халықтың өзара ықпалдастық моделіне көшу қарастырылды. Құжат аясында мемлекеттік аппараттың кәсібилігін жетілдіруге, оның қоғам алдындағы есептілігін, реттелушілік саясаты ілгерілеу мәселелеріне, мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыруға, квазимемлекеттік секторды оңтайландыруға, жергілікті басқару ісін дамытуға және т.б. жол ашылды.

> [ 3 ]

▶ ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЈАЛАР	Risers	Last	%Δ1D	%Δ1M
KZTO 03.02.21 14:47		994,83	+0,23	+0,99
KEGG 03.02.21 14:40		1 692,99	+0,18	-0,41
-		-	-	-
-		-	-	-
KASE Индексі 03.02.21 14:43		2 792,07	-0,71	+2,97

АҚША НАРЫҒЫ	Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M
MM Index 02.02.21 17:55		8,33	+0,20	+0,10
TONIA 02.02.21 17:15		8,38	+0,23	+0,11
TRION 03.02.21 14:44		8,34	-0,16	+0,04
SWAP-1D (USD) 02.02.21 17:59		7,92	0	+0,02
TWINA 03.02.21 14:27		8,42	+0,07	-0,14
SWAP-2D (USD) 03.02.21 14:03		7,95	0	-0,05

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР	Deals	Yield	DTM
INBNb4 03.02.21		8.10	-
KAFIb9 03.02.21		11.35	-
MFOKb1 03.02.21		10.30	-
KFUSb1 03.02.21		10.80	-
BASPb7 03.02.21		10.65	-
BASPb5 03.02.21		8.95	-

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР	Deals	Yield	DTM
MUM120_0018 03.02.21		10.00	-
MUM132_0005 03.02.21		9.80	-
MUM108_0013 03.02.21		9.40	-
MUM156_0006 03.02.21		9.40	-
KZ_05_2410 01.21		1.60	-
MUM168_0003 27.21		9.85	-

▶ ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер			
KASE	2 792,07	-0.71%	↓
FTSE 100	6 545,08	0.44%	↑
CAC 40	5 589,36	0.47%	↑
S&P 500	3 826,31	1.39%	↑
Dow Jones	30 687,48	1.57%	↑
Nikkei 225	28 646,50	1.00%	↑
DAX	13 920,70	0.62%	↑
Nasdaq	13 612,78	1.56%	↑

Тауарлар			
Мұнай	57,89	0.16%	↑
Алтын	57,89	0.15%	↑
Платина	1 101,40	-0.27%	↓
Паладий	2 235,50	-0.04%	↓
Никель	1 280,4	-0.44%	↓
Алюминий	1 966,00	-0.27%	↓
Күміс	26,812	0.55%	↑

03 Ақпан 2021			
Валюта нарықтары			
EURKZT	423,610	0.08%	↑
USDKZT	509,900	0.05%	↑
USD RUB	76,1162	-0.14%	↓
USDUAN	27,9892	-0.04%	↓
USD BYN	2,6399	0.17%	↑
EURUSD	1,2036	-0.05%	↓
GBPUSD	1,3672	0.05%	↑

▶ АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

### Той сарайлары ой орталықтарына айналды



Дамыған елдердің өзін дрігідеткен коронавирус пандемиясы әлі етек-жеңін жияр емес. Ақ Жайық өңірінде ілетке байланысты жағдай тұрақсыз. Әлі қызыл аймақта тұрмыз. Биылғы жыл басынан бері өңірдің бас мемлекеттік санитарлық дәрігері «жаман» аурудың таралуына қарсы әрекет ету жөнінде іскі қауып қабылдады. Карантиндік шектеулерге орай кейбір шағын кәсіпкерлік субъектілері табыссыз қалды. Әсіресе, мейрамханалардың, дәмханалардың, тойханалардың жұмыстары тұрақсыз. Алайда кейбір кәсіпкерлер қазіргі экономикалық жағдаймен байланысты тиімді жолдарын қарастырып, кәсіптік бағыттарын өзгертуге ден қоюда.

ГУЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

Өткен аптала Батнас Қазақстан облысының әкімі Ғали Ескадиевтің төрағалығымен өткен жедел штаб отырысында нақ осы мәселе көтеріліп, облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларына

мейрамхана, дәмхана иелеріне мемлекет тарапынан қандай көмек ұйымдастырылатынын айтып, түсіндіру тапсырылды. Сондай-ақ мұндай бизнес иелеріне басқа бизнес түріне көшу, өндіріс орындарын ашу, олардың ғимараттарын жалға алу, мемлекеттік тапсырыс беру мәселесі талқыланды.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының мамандары қазіргі пандемия жағдайында жұмысы тоқтап қалған кәсіпорндар мен мейрамхана, дәмханалардың иелерімен кездесіп, түсінік-кеңес беру бағытында жұмыстанып отыр. Шағын кәсіпкерліктің бос ғимараттарын басқа бизнес бағытка ауыстыру немесе жалдау арқылы спортзал, мектептен тыс үйірмелер ашу бағытында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Аталмыш басқарма басшысы Бақдәулет Ибраһимов жыл санап аумағы ұлғайып келе жатқан Орал қаласының жаңа шағын аудандарында тұрғындарға қажетті әлеуметтік нысандар тізбесі жасқалғанын айтады.

> [ 3 ]

▶ ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН



### Серпінді сегмент

Ілет пандемиясы секілді, қандай жағдайда болмасын, экономика бұныларын нығайту өзекті болып қала берді. Өткен жылы Үкімет пен автоөндірушілердің үйлесімді жұмысымен салаға инвестициялар тартылып, жаңа жұмыс орындары ашылып қана қоймай, сыртқы нарықтарға бағытталған экспортты дамытуға екіп берілді.

БОТАҒӨЗ ӘБДІГЕЙҚЫЗЫ

Ковид қаржы тұрақсыздығын туындатса да, өткен жылы өсім тежелмеді, тіпті Қазақстанның автомобиль өнеркәсібі өндіріс пен сатылымға елеулі көрсеткіш көрсетті. NCSA (Ұлттық автомобильдер сату қауымдастығының) әлемдік сарашылары жылдың ортасында әлемдегі сәланың жаһандық құлдырауын атап көрсеткен болатын.

> [ 5 ]



# БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

## АПТА ТЫНЫСЫ

### ▶ Ақорда



### Су тапшылығы болуы мүмкін

Мемлекет басшысы **экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиевті** қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің өткен жылғы жұмысының негізгі нәтижелері, сондай-ақ, алдағы уақыттағы жоспарлары туралы баяндалды. Мағзұм Мырзағалиев Мемлекет басшысына биылғы өсімдік өсетін кезеңді сумен

қамағасыз ету мәселелері жайында айтты.

Министрдің айтуынша, биыл қардың аз түсуіне байланысты елімізде су тапшылығы болуы мүмкін. Бұл ретте Президент су арналары цифрландыру жөніндегі жұмыстың маңыздылығын атап өтті. Алдағы 5 жыл ішінде бүкіл республика бойынша 119 арнаны цифрландыру қажет. Қасым-Жомарт Тоқаевқа балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы

жүзеге асырыла бастағаны жайында айтылды. Мағзұм Мырзағалиевтің пікірінше, 10 жыл ішінде балық өндірісін 9 мыңнан 270 мың тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік бар. Сонымен қатар Президентке геологиялық барлау, экологиялық туризм және ұлттық парктардың жай-күйі туралы ақпарат берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы экология, геология және табиғи ресурстар министріне бірқатар нақты тапсырма берді.

### ▶ Әкімшілік саясат

### Ауылдық округтердің бюджеті ұлғаяды

Мәжіліс еспікери Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелеріне қатысты заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Жаңа құжатқа сәйкес, енді ауылдық округтердің бюджеттері салықтардың жана төрт түрінен түсетін түсімдер есебінен ұлғайтылатын болады. Мәжіліс төрағасы атап өткендей, бұл жергілікті бюджеттердің дербестігін дамытудың жана кезеңі, ол ауылдың әлеуметтік мәселелерін жедел шешуе мүмкіндік береді. Нұрлан Нығматулин бюджет қаражатын тиімді әкімшілендірудің маңыздылығын және әкімдерді дайындау деңгейінің қажеттігін атап өтті.



Айта кету керек, 2018 жылы қабылданған Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңға сәйкес, бөлінген қаражат бірінші кезекте қайда жұмсалатындығы ауыл тұрғындарының жиналысында анықталатын. Ал жаңа заң жобасы бойынша әкім аппаратына өз бюджеттерін 20%-дан аспайтын мөлшерде түзетуе мүмкіндік беріледі, бюджетті

бекіту оңайлатылады, сондай-ақ меншікті түсімдер көлемінің 10%-нан аспайтын мөлшерде ауылдық бюджет резервін құру көзделді. Бұдан басқа, заң жобасында мәслихаттар депутаттарына қосымша құқықтар мен міндеттер беру және мәслихаттар хатшыларының құқықтық мәртебесін арттыру ұсынылады.

### ▶ Әлеуетті әріптестік

### Бірлескен инвестжобалар пысықталды



Қатар әмірі шейх Тамим бин Хамад Әл-Танидің Қазақстанға мемлекеттік сапары қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ҚР сыртқы істер министрінің орынбасары Алмас Айдаров бастаған қазақстандық делегацияның Қатарға жұмыс сапары өтуде.

Сапардың мақсаты – бірлескен нақты инвестициялық жобаларды пысықтау. Делегация құрамына Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен Мәдениет

және спорт министрлігінің басшылары, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘК АҚ, «KAZAKH INVEST» ҰК АҚ, «Астана» халықаралық қаржы орталығының және Қазақстанның бірқатар жеке компанияларының өкілдері кірді.

«Біз Қатардың барлық мүмкіндіктері мен осы елдің бізге деген достық қарым-қатынасына қарамастан, әлемдік инвестор ретіндегі әлеуетін толық көлемде пайдаланған жоқпыз. Қатар – жан басына шаққандағы ІЖӨ-нің үшінші көрсеткіші бар, бүкіл әлемде прогрессивті көзқарасы

бар және Qatar Investment Authority тәуелсіз қор арқылы ең үздік активтерде инвестициялық қатысуы бар бай мемлекет. Бірақ осының бәрін ескере отырып, бізде іс жүзінде бірлескен инвестициялық жобалар жоқтығын белгілеміс келіп тұр», – деді Алмас Айдаров.

Сапар барысында делегация мүшелері Қатар Орталық банкінің төрағасымен, сондай-ақ «Qatar Sports Investments», «Qatar Mining», «Qatar Diar», «Hassad Food», «Widam», «Katara Hospitality» ұлттық компанияларының, «Qatar Investment Authority» Егемен қорының бірінші басшыларымен, сондай-ақ Қатар бизнесмендер қауымдастығымен, басқа да жеке инвесторлармен келіссөздер жүргізді. Алдыңғы уағдаластықтардың жалғасы ретінде қазақстандық делегация тау-кен металлургия, агро және қорғаныс өнеркәсіп кешендері, туризм, мұнай-химия сияқты салаларда жалпы бағасы 4,6 млрд долларды құрайтын 37 лайын «brownfield» жобасын ұсынды.

### ▶ ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Үкіметте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жұмырда өткен кеңейтілген отырыста және де Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің отырысында берген тапсырмаларын іске асыру шаралары қаралды. Премьер-министр Аскар Мамин бұл бағытта атқарылар міндеттерді белгіледі.

#### БОТАӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында экономикалық белсенділікті қолдау және халықты жұмыспен қамтамасыз ету, салық және бюджет саясатын жетілдіру, тұрғын үйінің қолжетімділігін арттыру, денсаулық сақтау, білім беру жүйелерін дамыту жөніндегі және басқа да шаралар әзірленді. Үкімет АӨК, мұнай-газ химиясын, электр энергетикасын, су ресурстарын басқаруды, «Жасыл Қазақстан» экологиялық және басқа да салаларды дамыту жөніндегі ұлттық жобаларды әзірлейді.

«Құрылымдық және ынталандыру шаралары халық пен бизнесті жан-жақты қолдауды, олардың жана жағдайларға бейімделуін, сондай-ақ экономикалық белсенділікті жандандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Жаңа шынайылық жағдайында шикізаттық емес экспортты проактивті ігерілетуге және инвестицияларды нысаналы тартуға бағдарланған өзін-өзі қамтамасыз ете алатын және өртапарандырылған экономиканы дамытуға назар аударуымыз қажет. Шағын және орта бизнес экономиканы дамытуға қарқын беруге тиіс», – деді А.Мамин.

Үкімет басшысы денсаулық сақтау, білім беру жүйелерін және нәтижелі жұмыспен қамтуды дамыту қажеттігін ерекше назар аударды. Үкіметтің негізгі мақсаты – биыл экономика өсімін 3%-ға қамтамасыз ету, негізгі капиталға салынатын инвестицияларды ІЖӨ-нің 20%-на дейін, шағын және орта бизнес үлесін 30%-ға дейін ұлғайту, ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін 1,4 есе арттыру, өңдеу өнеркәсібін 10%-ға өсіру, жұмыссыздықты 4,9%-ға дейін қысқарту. Осы ретте Ұлттық экономика министрінің екі күн мерзімде Премьер-министр Кенесіне Президенттің кеңейтілген отырыста берген тапсырмаларын орындау жөніндегі жол картасының жобасын енгізуі керек. Басты

міндет – азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту мен табысын арттыру. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізіліп, Мемлекет басшысының әрбір тапсырмасы жедел де нәтижелі іске асырылуы керек.

Үкімет басшысы 8 ақпанға қарай Экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында қарау үшін экономикалық сапалы әрі тұрақты өсуін қамтамасыз ету бойынша шұғыл шаралар пакетін

### Тапсырмалар түбегейлі орындалуы тиіс



Жинауда мәлімделгендей, Президенттің Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің үшінші отырысында берген тапсырмаларына сай, мемлекеттік жоспарлаудың жана құрылым үш деңгейіне тұратын болады. Атап өткендей, бірінші деңгейдегі құжаттар – «Қазақстан-2050» стратегиясы, Жалпыұлттық басымдықтар, Ұлттық даму жоспары, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы, Аумақтық даму жоспары елдің ұзақ мерзімді және орта мерзімді кезеңдегі даму пайымын айқындайтын болады. Екінші деңгейдегі құжаттар өңіраралық және салааралық мәселелер бойынша жүргізілетін саясатты – салаларды дамыту тұжырымдамалары мен ұлттық жобаларды айқындайды. Үшінші деңгейдегі құжаттар мемлекеттік органдардың, өңірлердің және квазимемлекеттік ұйымдардың даму жоспарларын қамтиды. Жаппай цифрландыру, оның ішінде Data Driven Government платформасын енгізу арқылы жүзеге асыру мемлекеттік басқару жүйесін жақсартудың негізгі элементі болады. Ұлттық халық санағы 2021 жылғы қазанда заманауи цифрлық технологияларды енгізіп, процесті автоматтандыру арқылы жүргізіледі.

енгізуді тапсырды. Ұлттық экономика министрілігіне Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттікпен бірлесіп бір айта мерзімде Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жобасын пысықтау, 10 ақпанға дейін Жалпыұлттық басымдықтар мен елді дамытудың 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарын қабылдау туралы жарлықтардың жобаларын енгізуді қамтамасыз ету, бір ай мерзімде Ұлттық жобалардың тізімін қалыптастыру тапсырылды. Премьер-министр Қаржы, Ұлттық экономика министрліктеріне және Басқару агенттігіне екі апта мерзімде Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру жөніндегі келісілген ұсыныстарды енгізуді тапсырды. Ұлттық экономика министрілігіне өзектендірілген аумақтық даму жоспарының жобасын Премьер-министрдің Кенесіне биылғы 1 сәуірге дейін енгізу міндеттелді. «Реформалардың жана пакеті қысқа мерзімді перспективада экономиканы қалпына келтіруге негізгі саясатты жедел қайта реттеуді қамтамасыз етіп, тұрақты әрі сапалы экономикалық өсу траекториясына шығуға жағдай жасауы тиіс», – деді А.Мамин.

### ▶ ТУАҢ ЖЕР



### «ӘЗІРЕТ-СУЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МҰРАЖАЙЫ

Халықаралық атаққа ие болған «Әзірет-Сұлтан» тарихи-мәдени қорық-мұражайының іретасы 1978 жылы қаланып, 1989 жылы қайта құрылды. Бұл жерде Түркістан археологиялық мәдени ескерткіштерді сақтау мен зерттеуге бағытталған ғылыми-ағартушылық жұмыстар жүргізіледі. Оның аумағында ерте заманда атақты Қожа Ахмет Йассауи мен Рабига Сұлтан Бегім кесенелері, Қылулет жерасты мешіті, Гауһар ана мен Ұғаш ата кесенелері, Сауран қалашығы бой көтерген. Мұражай қорында 25 мың бағалы экспонат бар.



БИЗНЕС&БИЛІК

▶ ПРЕЗИДЕНТ

Тұрақты даму жолындағы реформалар

> [ 1 ]

Яғни онда қамтылған шаралар мемлекеттік аппараттың тиімділігі мен ашықтығын арттыруға ықпал етеді. Бұл халық арасында мемлекеттік басқару институтына деген сенім деңгейін көтереді. Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, құжат қоғам талабына сай келеді және халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған ақымды әрі маңызды өзгерістерді қамтиды. Тұжырымдаманың басты қағидалары биыл орындалады, ал негізгі ережелері 2025 жылға дейін іске асырылуы тиіс. Осыған орай Президент Үкіметке тиісті ресурстарды бөле отырып, егжей-тегжейлі сараланған Іс-қимылдар жоспарын қабылдауды тапсырды.

Мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту бағытындағы жұмыстарға тоқтала келіп, Қасым-Жомарт Тоқаев алдыңғы жекешелендіру кезінде нысандарын басым бөлігі біршама кейінге шегерілген немесе мүлде алынпай тасталған тәжірибені еске салды. «Жұмыстың жоспар бойынша жүруі аса маңызды. Бұл тұрғыда Үкіметтің ұстанымы қатаң болуы қажет. Жекешелендірудің соны жеке монополиялардың пайда болуына әкеп соқтырмауы керек. Ондай жағдай қоғамның наразылығын тудырады. Жекешелендіру үдерісінде ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету қажет», — деді Мемлекет басшысы.

Осы ретте Президент Үкіметке нысандарды сауга қоғамдық мониторинг жүргізудің тетіктерін әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар IPO құралдарын мейлінше кең пайдалану, жекешелендіру барысында бұл тетікке басымдық беру қажеттігін атап өтті. «Халықтық IPO» бағдарламасын қайта жаңғыртып, акцияларды, ең алдымен, жеке тұлғаларға, яғни Қазақстан азаматтарына сату керек. Еліміздің әрбір азаматында ұлттық байлықтың бір бөлігін иелену мүмкіндігі болуы қажет», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Халық санағы тұрғындардың нақты санын, оның жас және гендерлік құрамын, урбанизация деңгейін, табыс көлемі мен басқа да маңызды талау деректерін анықтап, тексерілген әрі дәйекті басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Осы ретте Мемлекет басшысы ұлттық санақты ұйымдастыру мәселесіне тоқтала келіп, санақты өткізудің онтайлы жолдарын пайдалану, оның ішінде пандемияның таралуына жол бермеуге байланысты шараларды ескере отырып, цифрлық технологияларды кең қолданған жөн екенін айтты. Үкіметке халық санағын өткізуге байланысты арнайы жұмыс тапсырылды.

▶ АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

Той сарайлары ой орталықтарына айналды

> [ 1 ]

Мысалға, шаһардың ескі ауыжай, Жұдыз, Зашаған кенті аумағының шығармашылық және мәдениет үйіне, Зашаған кентінен спорттық нысан (аумағы 250 шаршы метрден басталады), «Тен қоғам» әлеуметтік қолдау орталығына аумағы 250-ден 350 шаршы метрге дейін, «Белсенді ұзақ өмір» әлеуметтік жобасына аумағы 350 шаршы метрден 450 шаршы метрге дейін бос тұрған ғимараттар қажет. Бүгінде облыс әкімдігі осындай ғимараттардың шаршы метрін орташа есеппен алғанда 2000-нан 2500 тенгеге дейін жалға алу немесе сатып алу мүмкіндігін қарастыруға дайын.

сы өңірге кәсіпкерлік бағыттарын аустырып немесе өзгертуге шешім қабылдаған бизнес нысандарына талау жасауда. Мысалға, Бөйтерек ауданында кезінде 250-300 адамға қызмет көрсеткен тойхана да табыссыз қалыпты. Тойхана иесі Әсел Ижанова қиыншылықтарға қарамастан той тойлайтын орынды сауда орнына айналдырды. Тойхана ашу кезінде мемлекеттік бағдарлама арқылы жеңілдікпен несие алған кәсіпкер супермаркет жұмысын жолға қойды. Карантиндік шараларға мойымай, кәсіпкерлігін жана қырынан дамытуға ұмтылғандар қатары әлі де өсе түспек.

МЕЙРАМХАНАДАН – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҚКА

Зашаған кентіндегі «Той сарайы» мейрамханасынан бұрын кісі арылмайтын, той-томалақ жиі өтетін. Коронавирус пандемиясы жағдайында табыс түспеді. Жұмыс сөн-салтанаты келісті жеке ғимарат Оралдағы мектептен тыс жұмыс орталығының Зашаған кенті бөлімшесіне берілді. Бұрын бұл бөлімше №13 мектепке дейінгі ұйымның ескі өрі тар ғимаратында орналасқан болатын. Ата-аналардың сұранысы мен осы аудандағы балалар санының өсуі қарқыны ескеріліп, облыс, ақша өкімігінің, білім беру



тәрбие беріледі. Бөлімшенің қызметіне тартылған мамандар алдына маңызданудан өтті. Енді кент аумағындағы отбасылардың балалары қала орталығына қатнамай-ақ, үй қасындағы орталықтарға үйірмелерге тегін қатысады. Бұған ата-аналар да, бүлдіршіндер де қуанышты. «Бір жамандықтың бір жақсылығы бар» демекші, індеттің таралуы кесіріндей тойханалардың қызметтері тоқтатылғанымен, той сарайларының білім, шығармашылық орталықтарына айналудың өзі 21-ғасырдағы адамзаттың білім мен тәрбиеге ұмтылысын білдіргендей көрінеді. Алдағы уақытта орталық оқушыларға қосымша тілдер беріліп қана қоймай, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясын-

бастауыш сынып оқушыларына арналған «Күншұақ» және тіл, би, интеллектуалдық бағыттағы үйірмелер жұмыс істейді. Қазірдің өзінде кейбір үйірмелер сақтық шараларын сақтай отырып, өз жұмыстарын бастауда. Әзірге өзге үйірмелердің сабақ кестелері пәсіықталу үстінде», — деді мектептен тыс жұмыс орталығы директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, облыстық мәслихаттың депутаты Шаттық Өтебөліева.

Орталықта руханият залы, домбыра, «Балдырған» үйірмелері құрылған. «Атамұра» үйірмесі «Руханият» бағдарламасы аясында ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді балалардың санасына сіңіруді және осы жолда ата-аналармен байланысты нығайтуды басты мұрат-мақсат етіп алған. Төменгі қабатта фитнес орталығы орналасқан. Оны да іске қосу алдағы күннің еншісінде. Үйірмелер шәкірттерге тек білім беріп қана қоймайды, жас буынды еңбекқорлыққа, аға ұмтылуға, өзіндік ортасын қалыптастыруға, адамгершілікке тәрбиелейді. Әсіресе, «қызық қырық үйден тыйым» дейтін қыз балаларды өнерге, ісмерлікке, жинақылыққа баулитын сәндік-қолданбалы өнер үйірмесі деңгейі аяқталды. Ақындар мектебіне, шешен сөйлеуге жол нұсқайтын үйірмелерге жазылушылар аз емес. Домбыра үйірмесі балалармен қатар, үлкендерге де ай сайын акциялар ұйымдастырмақ. Асық ату үйірмесі жас толқынның ғаламтор шырмауына білім аламына әсерін тигізгісі хақ. «Біз өзіміздің ішкі әлемімізді өзгертеміз, сыртқы мәдениетіміз ешқашан өзгермейді. «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың хас жауы», деп Әл-Фараби бабамыз айтқандай, бірінші кезекте тәрбие мән-маңыз берудеміз. Қосымша білім беру үйірмелері арқылы оқушы жанына елімізге, туған жерге деген махаббаты, елжандылықты, үлкенге құрмет, кішіге ізет, бір сөзбен айтқанда ұлттық тәрбиенің, мәдениеттің дөңегін ескек деліміз. Бұрыннан жоғалмай жеткен ата дәстүрі мен тамаша салтымызды ұл-қызға ұғынықты тімен жеткізсек дейміз», — деді Шаттық Саматқызы.

ТОЙХАНА ДУКЕНГЕ АЙНАЛДЫ

Қазіргі жағдайда мейрамхана, тойхана нысандарының иелеріне басқа кәсіптен айналысу бағыттары ұсынылған. Соның ішінде жұмыссыз топтан тұрған кәсіпкерлік ғимараттар аумағы 3x4 метрлік сауықтыру және 4x2 метрлік балалар бассейндеріне, азық-түлік сақтайтын тоназдықшы бар қоймаларға айналдыру ұсынылуда. Сонымен қатар Оңал-спейс, офис-көпселерге, оқу орталықтарына, мүмкіндігі шектелуі балаларынан жұмыс орталықтарына жалға беріп, жабдықтауға болады.

Бүгінде Орал қаласындағы тойханалардың 10%-ы басқа бағытқа бетін бұрды. Мейрамхана ғимараттары басқа кәсіп нысандарына айналды немесе жалға берілді. Мысалға, «Ақ босаға» мейрамханасы электр тауарлары, «Айлуна 2» мейрамханасы киім дүкеніне, «Той сарайы» тойхана қосымша білім беру орталығы, «Астана» мейрамханасы азық-түлік супермаркеті болды. «Ақ босаға» тойханасы 11 ай жұмыс істемеді. Халыққа қызмет көрсетпеген сон, табыссыз қалдық. Қызмет көрсетушілердің тең жартысын жұмыстан босатуға тура келді. «Үмітсіз шаптан» дейтін қазақтың ғой, алдағы күнге үміттен қарадық. Қиын болса да, бас аспаз және қалған 50 пайыз қызметкердің 11 ай бойы жалқысыз тұрақты төлеп отырдым. Өйткені сапалы қызмет көрсететін мамандарды табу оңай емес. Жұмыссыз қалған 10 шақты адамға қолдан келген көмегімізді көрсеттік. Қазіргі уақытта тойхана жұмыс, өзге кәсіпкерге жалға берілді. Енді тойхана электр техникалық дүкен болып ашылды. Үй тұрмысына қажетті заттарды осы жерден таба аласың. 15 шақты адам еңбек етуде. Екінің деңгейдегі банктен алған несиемізін төлеуім уақытылы төлеп отырмын. Қалай болғанда да елге келген ауырпапалықты ел-жұртпен бірге көреміз», — деді кәсіпкер Асият Сыдықов.

Облыстық кәсіпкерлер палата-

бөлімінің қолдауымен жана тойхана орны жалға алынды.

Негізі мектептен тыс жұмыс орталығының қосымша білім беру педагогтары үйірмелерге қатысатын тәрбиеленушілерге өмірлік бағыт беруді, бос уақыттарын тиімді пайдалануына көмектеседі. Жалпы болымын деген балалардың «белін буудың» еңбектері зор. Қазір бұл орталық пен бөлімшелерінде төрт мыңнан астам оқушы қосымша білім алады. Зашаған кентінің бөлімшесіндегі үйірмелер 790 бала тіркелді. Онда шығармашылық, интеллектуалдық, техникалық бағыттарда білім мен

да ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, Зашаған кентіндегі елге сыйлы ақсақалдар, әкелер, ардақты әкелер, ауылы аналармен кездесулер ұйымдастырып, байланыс орнату жоспарланады. Мұнда «Шабдыт» медиа студиясы мен оның аланына ерекше көңіл бөлінуде. Студияда «Жас тілші», «Сөз зергері» үйірмелерінің тәрбиеленушілері зиялы қауым өкілдерімен, ақын-жазушылармен, өңірдегі танымал кәсіпкерлермен, еңбек етіп жүрген халық қалаушыларымен жүздесіп, пікір алмасады. Мұнда «Волонтерлер академиясы», «Көшбасшылар мектебі»,

Батыс Қазақстан облысы

ЭЛЕМДІК АҚПАРАТ THE LANCET Sputnik V аралық сараптамадан өтті. Элемге-өйіл және беледі мамандандырылған медициналық Lancet журналы Gam-COVID-Vac (Sputnik V) вакцинасын зерттеулердің үшінші сатысының аралық талдауын жариялаған. Еске салар болсақ, бұл мәліметтерді сарапшылар да, осы вакцинаны түрлі елдерде қолданғандар да айтады-ақ күткен болатын. Ғалымдардың есептемелері бойынша вакцинаның тиімділігі 91,6%-ды құраған. Айтпа кету керек, Қазақстанның денсаулық сақтау министрлігі Ресейдің «Спутник V» вакцинасын сатып алуға 16,8 миллиард тенге (40 миллион долларға жуық) жұмсайтынын хабарлаған болатын. ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Сойлың айтуынша, халыққа Ресей вакцинасын сату 1 ақпанда басталды. Наурызда мектеп мұғалімдері мен университет оқытушыларына, ведомстволық медицина мекемелері өкілдеріне; сәуірден бастап мектеп-интернат, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері, студенттер мен созылмалы ауруы бар азаматтарға вакцина салынбақ.



Chevron мен ExxonMobil біріре ме?

The Wall Street Journal басылымының хабарлауынша, америкалық Chevron мен ExxonMobil мұнай компанияларының бас директорлары Майу Вирт пен Доррен Вудс COVID-19 індетінен шеккен зияндарын салдарынан бірігуді қарастырып келіссөздер жүргізген. Келіссөздер алдын-ала талқылау сипатында болғанымен, компаниялардың өкілдері оған қайтып оралуы ықтимал. Біріккен компания капиталандыру 350 млрд АҚШ долларынан асып түсіп, өндіріс мәліметі тәулігіне 7 млн баррельдей мұнайды құрауы мүмкін деп болжылып отыр. Қазақстанда Chevron компаниясы бірнеше жобаға қатысады, айта кетер болсақ, ол — «Тенішевройл» бірлескен кәсіпорнының басты құрылтайшысы. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Шеврон Мұнай-Газ корпорациясы арасындағы 1993 жылы қол қойылған келісім бойынша ол Атырау облысындағы Теніз мұнай кенішінде ұзақ жылдардан бері көмірсутектерді барлап, өндірмен айналысауда. Ал, ExxonMobil — еліміздегі алғашқы бағыс инвесторларының бірі және бүгінгі таңда Қазақстанның бұл компаниямен ынтымақтастығына ширек ғасырдан асқан. Осы кезеңде Қазақстанға салынған инвестициялардың көлемі 22 миллиардтан астам АҚШ долларын құрайды.



Қытайды Орталық Азиямен тағы бір теміржол жалғады

Шығыс Қытайдан Орталық Азияға Фузун провинциясының Ушан қаласынан шығатын жана жүк тасымалдағын теміржол бағыты іске қосылды, деп хабарлайды Синьхуа агенттігі Урімшіден. Бұл бағыттың түпкі аяқдамасы — Алматы қаласы.

Жана темір жол бағытымен жолға шыққан бірінші жүк құрамы мемлекеттік шекараны өткен бейсенде Қытайдан солтүстік-батысындағы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы Қорғас бақылау-өткізу пунктінде сағат 9.30-да кесіп өткен. Қорғас кеденінен хабарлағандай, бұл теміржол көлігі құрамы пластмаса заттары, үйге қажетті шағын бұйымдар мен басқа да, негізінен, Наньин қаласындағы жас Фузун провинциясының соған іргелес аудандарында шығарылған тауарларды тиеген 42 контейнерден жасақталған. Жүктің жалпы құны 21,5 млн юаньді (3,3 млн АҚШ долларына жуық) құраған. Поезд Алматыға келгеннен кейін бұл тауарлар басқа поезларға жүктеледі де, Орталық Еуропаның басқа да елдеріне жөнелтіледі.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

**БИЗНЕС&ҚАРЖЫ**

**НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

**▶ ҰЛТТЫҚ БАНК**

**ТӨЛЕМ ТЕНГЕРІМІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫ?**

Өткен жылдың қорытындысы бойынша төлем тенгерімі қалай қалыптасты?

Төлем тенгеріміндегі негізгі ағындардың серпінді жылдың бірінші жартысында мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуімен, кейінгі ОПЕК+ мәмілесімен, COVID-19 пандемиясымен және Үкіметтің экономиканы қолдау жөніндегі жауап шараларымен айқындалды. «Алдын ала бағалау бойынша ағымдағы шот 5,9 млрд АҚШ доллары дефицитімен қалыптасты, бұл Ұлттық банктің 2020 жылға арналған болжамды күтулеріне сәйкес келеді. Ағымдағы шот дефицитінің негізгі себебі мұнай экспортының қысқаруы есебінен тауарлар экспортының төмендеуі болып табылады. 2019 жылмен салыстырғанда экспорт 46,9 млрд АҚШ долларына дейін 11,3 млрд АҚШ долларына (-19,4%) қысқарды. Сол кезеңде импорт 36,2 млрд АҚШ долларына дейін 3,9 млрд АҚШ долларына (-9,7%) төмендеді. бұл инвестициялық және аралық тауарларды әкелудің қысқаруына байланысты», — дейді Ұлттық банк төлем балансы департаментінің директоры Азат Өскенбаев.

Ағымдағы шоттың жай-күйі бір жағынан сауда тенгерімі мен екінші жағынан шетелдік инвесторларға төленетін кіріс арасындағы тепе-теңдікке байланысты. Былтыр инвестициялық кірістің теріс тенгерімі айтарлықтай төмендеді, бұл ағымдағы шот дефицитінің әлуетті төмендігін айтарлықтай тежеді. Тікелей инвесторлардың үлесіне келетін дивидендтер мен қайта инвестицияланған пайда 10,4 млрд АҚШ долларын құрды, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен 35%-ға аз (16,0 млрд АҚШ доллары). Тағы бір маңызды фактор — Қазақстан Республикасы мен консорциум арасындағы дауды реттеу шеңберінде Қарашығанақ консорциумының қатысушыларынан түскен 1,3 млрд АҚШ доллары сомасындағы валютаның елімізге әкелінуі. Бұл өтемақы төлемінің түсі кәсіпкерлерге кірістің (трансферттердің) он салдысына 2,1 млрд АҚШ долларына дейін екі есеге ұлғайтты. Кірістері осы он үрдістер өткен жылғы 3-ші тоқсандағы сауда тенгерімінің теріс салдысына қарсы салмақ көрсетті. Қорытындысында, 2020 жылғы ағымдағы шот салдысының алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,3 млрд АҚШ долларына жақсаруы байқалады.

**▶ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫ**

**АРНАЙЫ ШОТҚА ТҮСЕ БАСТАДЫ**

Зейнетақы жинағын алуға өтінім берген 11,7 мың салымшының шотына 63 миллиард тенге аударылды.

28 қаңтарда Бірінші ақпандағы зейнетақы қорына Отбасы банкінен жалпы сомасы шамамен 103,1 млрд тенгеге 4426 өтінім келіп түскен. Келіп түскен барлық өтінім сол күні қаралған. «Жалпы сомасы 17,2 млрд тенгелен астам 3 151 өтінім (немесе 71%) өңделуге қабылданып, бұл сома кейінгі 5 жұмыс күні ішінде салымшылардың Отбасы банкіне арнайы шотына аударылды. Аузырманың орташа сомасы 5,45 млн тенгені құрайды. 1 275 өтінім (29%) БЖЗК заңнама талаптарына сәйкес келмегендіктен қабылдамады», деп байқарылы қордың баспасөз қызметі.

Зейнетақы жинағын алуға өтінім қабылдай бастаған «Қазақстан халық банкінен» 28 қаңтарда 16,64 млн тенге сомасына 2 өтінім келіп түскен. Оның ішінде 8,3 млн тенге сомасына бір өтінім өңделуге қабылданып, екінші өтінім қайталан берілгендіктен қабылдамаған. «25-28 қаңтарда, яғни БЖЗК-ға уәкілетті операторлардан түскен өтінімдерді қарау басталған төрт жұмыс күні ішінде келіп түскен барлық өтінімдер сол күні-ақ кірісісіз қаралды. Бұл ретте төлемдерді жүзеге асыру үшін жалпы сомасы 168,2 млрд тенгеге жуық 30 391 өтінім жұмысқа қабылданды. Өтінімнің орташа сомасы шамамен 5,5 млн тенге», делінген хабарламада.

Осы күндерге жасаған БЖЗК талдауына сүйенсек, өтінімдерді қабылдамаудың негізгі себебі (86%-дан астам) — өтініште көрсетілген сұратылып отырған сома зейнетақы жинағынан алуға қолжетімді сомадан асып кеткендігі. «Кейбір өтінімді БЖЗК-да жинағы жоқ адамдар немесе бірқолғы зейнетақы төлемін алуға құқығы жоқ салымшылар берген. Қандай да бір себеппен (топтыру кезіндегі қателер, дұрыс көрсетілмеген сома, төлеуге қолжетімді соманың өзгеруі және т. б.) бірқолғы зейнетақы төлемін алуға арналған өтінімнің қанағаттандырудан бас тартылған салымшылар осы кемшілікті түзетін уәкілетті операторға қайтадан өтінім беруге болады», делінген хабарламада.

**▶ ДЕПОЗИТ**

**СЫЯҚЫ МӨЛШЕРЛЕМELERІ ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛДЫ**

Қазақстандық депозиттерге кепілді беру қоры теңгелік депозиттер бойынша наурыздағы ең жоғары сыяқы мөлшерлемесін жариялады.

Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі деңгейінің сақталуына байланысты қысқа мерзімді депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелер бұрынғы, яғни 9,0 пайыз деңгейінде сақталды. Нарыққа байланысты айқындалатын мерзімді депозиттердің мөлшерлемелері де 9,0 пайыз қалпында өзгеріссіз қалды.

Қордың баспасөз қызметі хабарлағандай, банктің нақты нарықтық мөлшерлемелерінің біртіндеп төмендеуі одан әрі жалғасуына байланысты 24 айға арналған ұзақ мерзімді жинақ салымдардың сыяқы мөлшерлемелері қайта қаралды.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

**▶ ҚАРЖЫ**

**Капиталдың жалпы жылыстауы азайған**

Баламалы инвестициялық құралдар тартымдылығымен ерекшеленуіне: казакстандықтар құнды қағаздар мен алтынға көбірек қаржы сала бастады. Бәлкім, соның әсері болар, Қазақстаннан капиталдың жаппай жылыстауы жартылай қысқарған деп жазады Fiprom.kz сайтында.

**ИСА КАМБАР**

Айта кету керек, 2020 жылы дағдарыстық жағдайға қарамастан, инвестициялық белсенділік өсімін жалғастырған. Серпіннің жағымды өрбуіне тек инвесторлар ғана емес, жеке тұлғалардың


Құнды қағаздар орталық депозитарийіндегі жеке тұлғалар сауда шоттарының саны (бірлік)



KASE мәліметтерінің негізінде

**2-инфографика**

**ҚР-да инвестициялық қоржынды басқарушы компаниялардың активтері**



ҚР Ұлттық банк мәліметтерінің негізінде

қаржылары жұмсалуды да әсерін тигізін отыр. Мәселен, банктің депозиттердің сомасы соңғы жылда 20,3%-ға артып және қазір ол 21 трлн теңгені құрды. Салымдар өсімі жеке тұлғаларда да (бір жылда +17,1%), корпоративтік секторда да (+23,6%) байқалған.


Осы ретте баламалы қаржылық құралдарға қызығушылық артқаны да байқалады. Олардың арасында, мәселен, алтын мен құнды қағаздар бар. Мысалға айтар болсақ, 2020 жылы елміздің азаматтары екінші деңгейдегі банктер мен жеке келеген банктік емес айырбастау пункттерінен жалпы салмағы 890 килограмм 21,1 мың қалыптағы құйма алтынды өз иеліктеріне сатып алған, бұл 2019 жылға қарағанда — бірден 34%-ға көп. Құнды қағаздар нарығында да осындай жағдай байқалады: бұл сектордағы халық белсенділігі айтарлықтай өскен. 2020 жылы құнды қағаздардың орталық депозитарийінде жеке тұлғалардың ашқан сауда шоттарының саны 14 мыңға артып, 132,9 мың шотқа жеткен. Жұмыспен қамтылған халыққа шаққандағы бөлшек сауда инвесторларының үлесі рекордтық көрсеткіш — 1,5%-ға жеткен. Акциялар нарығындағы саудалар көлемінің 52%-дан астамы жеке тұлғалар енісіне.

Мұндай өсім еліміздегі қаржымен нарық құралдарының дамуымен тығыз байланысты. Құнды қағаздар секторына «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХКО) — Astana International Exchange (AIX) биржасы, — соның ішінде мемлекеттік сыйналы компаниялардың кен көлемде өткізілген IPO шаралары айтарлықтай қозғау болды. 2021-2023 жылдары AIX биржасында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры аса ірі компанияларының IPO өткізу жоспарланған, бұл сондай-ақ институционалдық та, бөлшек саудамен айналысатын инвесторлардың да қызығушылығына үлкен әсерін тигізетін болады.

Сонымен қатар инвестициялық қоржынды басқарушылардың рөлі де өседі. 2020 жылдың соңында Қазақстанда 18 осындай басқарушы компания тізімде болған. Бір жылда олардың активтері 31,9%-ға артып және 252,5 млрд теңгені құраған (1-инфографика).

Активтерді басқару нарығын одан әрі дамыту үшін жергілікті нарықтағы жетекші сыртқы басқарушы компанияларды оқшаулауға, сондай-ақ нарықтағы отандық ойыншылардың активтерді басқару бойынша ішкі құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған қосымша кешенді шараларды іске асыру қажет. Бұл бағытты дамытуға «Астана» халықаралық қаржы

**Қазақстандық инвесторлардан шекарадан тыс тікелей инвестициялардың жаппай жылыстауы (АҚШ млн долл.)**



ҚР Ұлттық банк мәліметтерінің негізінде

орталығы негізгі рөл атқарады. Англия мен Уэльс құқығы принциптеріне, тәртіптері мен үлгілеріне негізделген жеңілдіктер мен ыңғайлы құқықтық ереже орталықты сыртқы басқарушы компанияларға тартымды етіп отыр.

Мәселен, АХКО биржасында — арасында Shenwan Hongyuan Securities HK Ltd (Гонконг), ITI Capital Limited (Ұлыбритания), CITIC Securities Co., Ltd. (Қытай), Renaissance Capital (Қырғыз) сияқты 10 шетелдік танымалы бар — 26

дамушы елдердің облигацияларына және инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигацияларға индекс тікелей инвестициялау үшін ыңғайлы шетелдік басқарушы компаниялар тартылған:

- Aviva Investors Global Services Limited мандаты бойынша дамушы елдердің облигациялары;
- HSBC Global Asset Management (UK) Limited және Robeco Institutional Asset Management B.V. мандаты бойынша жаһандық акциялар;

АҚШ долларына жуық соманы құрайды (2-инфографика).

Сонымен қатар халықаралық басқарушы компанияларды оқшаулау Қазақстан нарығында private banking (жеке банк қызметі) секторын дамытуға мүмкіндік береді, өйткені көптеген басқарушы компаниялар осы саланы игерілетуіне ұмтылады. Private banking жеке адамдардың әл-ауқатын кәсіби басқару — ауқатты клиенттерге қаржы жинақтау мақсатындағы да, инвестициялық тұрғыдағы да қаржылық қызметтер жиынтығын ұсыну болып табылады.

Сондай-ақ бұдан бұрын да атап өткеніміздей, Private banking нарығын дамытуға АХКО зор ықпалын тигізуде. Сыртқы басқарушылар Қазақстан нарығына жерінен түсетін басқа бұл орталық Швейцария, Сингапур, Люксембург және БАӘ сияқты жеке капиталды басқарудың алдыңғы қатарлы әлемдік орталықтарының жағымды тәжірибелеріне негізделген жаңылы жеке сенімді реттеуші базамен қамтамасыз етуде.

Жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқарудың нашар дамуы Қазақстаннан капиталдың басқа елдерге жылыстауына душар етті. Бұл ретте соңғы жылдары, соның ішінде АХКО құралдарымен қаржылық нарықты дамыту есебінен де жағдай оңала бастады. Мәселен, 2014-2016 жылдары Қазақстаннан капиталдың жаппай жылыстауы орта есеппен 5 миллиардқа жуық АҚШ долларын құрапты, ал соңғы үш жылда (2017-2019 жж.) шет елдерге шығарылған ақшалай қаржылардың орташа көлемі 2 миллиард АҚШ долларын құраған. 2020 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша қазақстандықтар инвестицияларының жаппай жылыстауы баржоғы 1,1 миллиард АҚШ долларын — соның алдындағы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 51,6%-ға аз қаражатты құрапты (3-инфографика).



брокерлік компания тіркелген. Бұл компаниялар құнды қағаздар мен және фьючерстермен сауда жасау бойынша, активтер мен корпоративтік қаражатты басқару қызметтерін көрсетуді ұсынады.

- PGIM Limited және Principal Global Investors (Еуропа) Limited мандаты бойынша инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар.

2020 жылдың 1 қаңтарына сыртқы басқарушы болған Бірінші ақпандағы жаппай жылыстауының орташа көлемі 765,9 миллиард теңгені немесе қордың инвестициялық қоржынының 6,02 пайызын құраған. Өткен жылдың он бір айы



# БИЗНЕС&ӨНЕРКӘСІП

## КАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

> [11]

Сол кездің өзінде машина жасаудағы тұрақты көшбасшылардың теріс көрсеткіштерінің аясында тек 4 ел ғана оң статистиканы көрсете алса, олардың басында Қазақстан тұрды. Бұл ретте индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов 2020 жылы автомобиль жасау саласындағы өңдеу өнеркәсібінде ең үлкен өсімді (50%-дан астам) атап өтті.

ИИДМ деректеріне сәйкес, елімізде жылдық өндіріс көлемі 2020 жылы 77 471 бірлік техникаға жетті, бұл 2019 жылдың көрсеткішінен бір жарым есе артық (50 541 бірлік). Соның ішінде жүк автомобильдері мен автобустардың өндірісі артты. Машина жасау саласы ақшалай алғанда өткен жылмен салыстырғанда 31,7%-дан астам тұрақты өсім көрсетті. Өсім негізінде автокөлік құралдарын, трейлерлер және жартылай тіркелмелер шығару, өзге де көлік



# Серпінді сегмент

күралдары, электр жабдықтары, машиналар мен қондырғылар өндірісін арттыру есебінен. 2020 жылы автомобиль жасау саласында өнеркәсіптік өндіріс индексі 2019 жылмен салыстырғанда 152,5%-ды құрады. Сала қызметінің жиынтық нәтижесі ақшалай алғанда арғы жылдың сәйкес көрсеткішінен 70,4% (612,8 млрд тенге) көп болды. Жеңіл автомобильдер өндірісі 47%-ға артып, 64 790 бірлікке жетті. Жүк техникаларын шығару көлемі екі есе өсіп, 8 240 бірлікке, ал автобустар өндірісі 66%-ға (1 801 бірлік) артты. Тіркелмелер мен жартылай тіркелмелер өндірісі де екі есеге (2 196 бірлік) ұлғайды.

автокөліктері, ал желтоқсанда Қарағанды облысында Yutong автобустары шығарыла бастады. Жалпы 2020 жылы 22 136 Hyundai (+39%) автокөлігі, 19 434 дана Chevrolet және Ravon (+217%) және 15 848 Lada (+8%) автомобилі өндірілді. Сондай-ақ Kia (4 863 бірлік) және JAC (4 173 бірлік) алғашқы бестікке енді.

Техниканың жоғары сапасы, сыртқы клиенттер тарапынан сенім зауыттарының экспортқа бағыт ұстауына мүмкіндік беруде. Қазірде әрбір оныншы автомобиль – экспортқа жөнелтіледі. Мысалы, 2020 жылы Қазақстан жақын шетелдерге 8 122 авто-

мобильдің екеуі отандық өндірістен шыққан. Hyundai, Chevrolet және Toyota ең көп сұранысқа ие, ең танымал бес брендтің төрттеуі қазақстандық өндірістен (Hyundai, Chevrolet, Ravon және Lada). Автобустардың ішіндегі ең көп сатылатын бренд сөзсіз Yutong болды. 2020 жылы Қазақстанда осы брендтің 1 000-ға жуық автобустары мен электр автобустары сатылды.

Коронавируспен күрес басталғанда санитарлық көлік жетіспеушілігі жаһандық деңгейдегі өзекті мәселелердің біріне айналды. Осынау күрмеуі қиын сәттерде еліміз ішкі ресурстар есебінен

шендер шығарылды, пациенттерді емханаларға тасымалдауды қамтамасыз ету үшін Chevrolet DAMAS өндірісі іске қосылды.

2020 жылы ауыл шаруашылығы техникасы өндірісінің өскені байқалды. Автомобиль зауыттары сияқты, комбайндар мен тракторларды шығаратын зауыттар да өздерінің өндірісін тоқтатқан жоқ, сол арқылы өткен жылы егіннің тұрақты жиналуына ықпалын тигізді. Жалпы, сарапшылар атап өткендей, отандық зауыттар 93 млрд теңгеге 6 272 бірлік техника өндірді. Өндірістің жылдық өсімі зәтті көріністе 98,2%-ды құрады, құндық мәнінде шығарылымы бірден 2,5 есеге артты. 2020 жылдың басында трактор мен комбайн өндірілді, бұл бір жыл бұрынғы осы кезеңмен салыстырғанда 120%-ға артық. Тракторлар өндірісі 2 585 бірлік белгісіне, 39 млрд теңге болды. Олардың ішінде 1 048 трактор Ақмола облысында («Беларусь» және «RSM») шығарылды, 585 бірлік Қостанай зауыттарына («Lovol» және «Кировец»), 561 трактор – Шығыс Қазақстан облысы («Беларусь») тиесілі. Бір жыл ішінде елімізде 962 комбайн өндірілді, бұл 2019 жылғы деректермен салыстырғанда 567 бірлікке артық.

Нарық пен саланың даму перспективаларын талдай отырып, биыл нарықтағы жергілікті автомобильдердің үлесін арттыру тренді сақталады деуге болады. Бұл ретте автоөнеркәсіп өндірістің қуатын кеңейтіп, шығарылатын өнімнің экспорты мен локализациясын арттыруды жалғастырады. Биылға қойылған мақсат міндет – 100 000 бірлік техниканы өндіру, жұмыс орындарын сақтау және ұлғайту, шығарылатын өнімдегі экспорты және



2020-ның табысты көрсеткіштеріне Үкімет пен бейінді министрліктер, отандық зауыттар тарапынан жасалған нақты қадамдар өз әсерін тигізді. Өндіріске трансұлттық инвесторлар тартуға, жана брендтерді қолжетімді етуге ден қойылды. Сала карантиндік шараларға автомобильдерді онлайн сатуды енгізумен өндірілген өнімдерді сату тізбегін, өнімнің тұтынушыларға қолжетімділігін сақтай отырып, үйлесімділікпен, уақтылы жауап берді. Автосалондарда автокөліктерді тіркеу орындары ашылды. Сондай-ақ жеңілдікпен автосенелеу және лизинг бағдарламалары маңызды рөл атқарды, олар бірнеше жылдар бойы қазақстандық тұтынушылар мен шағын және орта бизнес өкілдеріне қолжетімді қаржы құралы арқылы автомобиль техникасын сатып алуға мүмкіндік берді. Мемлекеттің автоөнеркәсіпті дамытуға мүдделілігі осыдан да көрінеді.

Өткен жылдың жағымды оқиғалары – жана зауыттар мен өндіріс ошақтарының іске қосылуы болды. Биылғы Қостанайдағы «СарыарқаАвтоПром» зауытында Chevrolet автомобильдері өндірісі қолға алынды және қысқа уақыт ішінде жоғары өсім көрсетті. Қазақстандағы ең танымал брендтер қатарына енді. Сол секілді сәуір айында Алматыда Hyundai жеңіл

билі экспорттады. Бұл 2019 жылғы көрсеткіштен (2 629 бірлік) 3 есе көп. Жалпы өткен жылы 55,9 млрд теңгеге елімізде өндірілген барлық техниканың 10%-дан астамы экспортқа шығарылды. Hyundai,

бұл проблеманы тез шеше алды. Отандық зауыттар Үкімет тапсырмасы бойынша коронавирус жұқтырған инфекциямен күресу үшін қысқа мерзімде JAC Sunray, Hyundai N350, Газель NEXT, УАЗ базасын-



Chevrolet және JAC көліктеріне Ресейде, Өзбекстанда, Беларусьта және Қырғызстанда сұраныс жоғары.

2020 жылғы қазақстандықтар 93 000-нан астам жана техниканы сатып алды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 25%-ға артық (75 156 бірлік). Сатып алынған үш

да медициналық жабдықтармен толық жабдықталған 1 167 бірлік медициналық жедел жәрдем автомобильдерін өндірді және жеткізуді реттеді. Бұдан басқа, Қостанайда «дөңгелекті еман» деп аталып кеткен 12 метрлік Yutong автобусының негізінде 100 жылжымалы медициналық кес-

жергілікті қамту үлесін ұлғайту, салаға инвестицияларды тарту. Саланың даму келесіне, елдің автопаркін жанарту міндеттерін, өндірушілердің дайындығын талдай отырып, Қазақстандық Автобизнес қауымдастығы 2021 жылы барлық көрсеткіштерін орындайтын болжап отыр.

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### САТЫП АЛУ

### ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

Сатып алуға жемқорлықтың жолын кесудің нақты да тиімді тәсілі – шифрлық теңгеі енгізу.

Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің алқа отырысында ведомство басшысы Алик Шпекбаев сатып алу саласы көлеміне экономика жандандыратын және жемқорлық тудыратын саланың бірі екенін тәжірибе көрсетіп отырғанын айтты. «Сондықтан Ұлттық палатамен («Атамекен» ҰҚП) бірлескен жұмыстың тағы бір бағыты – бюджетті қалыптастыру кезінде де, оны игеру кезінде де баға комплексін енгізу. Жасыратыны жоқ, көбінесе бюджетке салынатын бағалар жемқорлық мүдделері үшін әдейі қымбаттатылады. Осыған орай біз нақты бағалар мен іске асырылған шарттар негізінде қандай да бір сатып алудың бюджетін қалыптастыруды ұсынамыз. Бұл сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бюджетін «ұлғайтуға» мүмкіндік бермейді. Осылайша, үлестес компаниялардың баға ұсыныстары негізінде бюджеттік жоспарлау арта қалады», – деді ол.

Агенттік төрағасы орындалған жұмыстардың жалған актілеріне қол қою проблемасын шешу үшін оларды егжей-тегжейлі жариялау, сондай-ақ тапсырыс берушілердің оны, мысалы, 3 күннен аспайтын мерзімде қарауын енгізу ұсынылатындығын айтты. Бұл бір ғана мақсатты көздейтін актілерге қол коды әдейі кейінге қалдыру мүмкіндігін дәуір шектейтіндігіне назар аударды. Осы ретте ол «сатып алуға жемқорлық проблемасының іргелі шешімі – шифрлық теңгені тез арада енгізу» болмағанын атап өтті. «Бұл – бюджет қаражатын игерудің бүкіл үдерісін қадағалауға мүмкіндік береді, «қолма-қол ақша» схемаларын және жалған қасіпорындар құруды тоқтатады», – деді Алик Шпекбаев.

### НҮРЛЫ ЖЕР: ӨНІРЛІК ДАМУ

### ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Арқаның сәуелесі атанған Қарқаралы тауларының баурайындағы әсем шарлау тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр.

Биыл Қарқаралыда «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 18 пәтерлі 6 тұрғын үй пайдалануға беріліп, 100-ден астам отбасына баспананы қамтамасыз етіледі. Бұл туралы Қарқаралы облысының басшысы Жеңіс Қасымбектің төрағалығымен өткен 2020 жылдың қорытындылары мен алдағы жедел міндеттерге арналған онлайн-кеңес барысында Қарқаралы ауданының әкімі Елдар Дүйсебаев мәлім етті. «Облыстық бюджет қаражаты есебінен Қарқаралыдағы спорт кешенінің құрылысы аяқталып, су айдайтын мұнара салынып, бес ауылдық елді мекенге сумен қамтамасыз ету жүйесі жүргізілді. Аудан бойынша төрт мектеп пен Егіндібулақ ауылдағы мәдениет үйі күрделі жөнделген өтті. 39 мектепте ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 100 шақырымнан астам жол жөнделді. 6 500 шаршы метр жаңа жүргіншілер жолы абаттандырылды, 281 жарықтандыру бағаны орнатылды», – деді Елдар Дүйсебаев.

Аудан әкімінің айтуынша, биыл Егіндібулақта дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Қарқаралыда қала ішіндегі қолдарға орташа жөндеу жүргізіледі. Сондай-ақ сумен жабдықтау жобалары жалғасуда. Аппаз ауылында су құбыры желілері қайта қалпына келтіріледі. «Жарлы-Қарқаралы» топтық су жүйесі құрылысын жүргізуге инвестиция қарастырылды.

Облыс әкімі аудан әкімшілігінің жоспарлы жұмысын атап өтті. «Жұмыспен қамудың жол картасы» бағдарламасы аясында 13 жоба жүзеге асырылды. Бұған ауылдық жерлердегі мектептерді, жолдарды, сумен жабдықтау желілерін жөндеу кіреді. Егер жалпы әлеуметтік-экономикалық даму туралы айтатын болсақ, онда негізгі көрсеткіштерінің динамикасы байқалады», – деді Жеңіс Қасымбек.

### ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

### САПАЛЫ АУЫЗ СУМЕН ҚАМТЫЛДЫ

Түркістан облысының Отырар ауданы сапалы ауыз сумен қамтылды.

Бүгінде аудандағы 38 елді мекеннің 33-інде ауыз су құбыры тартылған. Яғни Отырар ауданының 50 мыңнан астам халқы сапалы ауыз сумен толық қамтылған. Бұл мақсатта облыстық бюджеттен тиісті қаржы бөлінді. Өткен жылы Қоксарай елді мекеніндегі ауыз су жүйелері мен имаратты қайта құру жұмыстары жүргізілді, деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Жер асты су қоры анықталған Бестам, Ызақөл, Жанкөл елді мекендерін ауыз сумен қамту үшін құжаттар әзірленіп, ұсыныстар берілді. Ал, жер асты су қоры анықталмаған Ақкөл елді мекенінің жер асты су қорына геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына өтінім берілген.

Сонымен қатар Отырар ауданындағы автокөлік жолдары да күрделі жөндеуден өтіп, жаңартылды. Қазіргі уақытта аудандағы жалпы ұзындығы 800 шақырымнан асатын жолдың 27 шақырымы орташа жөндеуден өткізіліп, екі шақырымы жуық ішкі автокөлік жолдарында күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған. Жөндеу және жанарту жұмыстарының негізінде аудан көлеміндегі ішкі жолдардың жалпы қанағаттанарлық жағдайы 62%-ға артқан.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

# БИЗНЕС&НАРЫҚ

## ШОЛУШЫ БАҒАНЫ

Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры



### Аймақтың даму тұтқаларының бірі – ішкі туризм

Тұтқиылдан тиген індет салдарынан ғаламдық экономиканың өсу қарқынының бөсеуіне, өзара алыс-берістің, сауда-саттықтың кеміп, тұтыну деңгейінің төмендеуі әлем елдерінің көпшілігінің назарын ішкі резервтеріне ізестіруге аударып отыр. Бұл орайда ауылды аралас, қойы қоралас, қоныс қонған мекелердің өзара байланыстарын дамытуға баса мән беріледі.

Атап айтқанда Орталық Азия елдері, соның ішінде Қазақстан да тас қалып отырмаған жоқ. Тарихи-мәдени және географиялық факторлар біріктіретін бұл өкілдерге туризм ресурстарын іске қосуға жан-жақты дайындық басталып та кетті.

Ақпарат көздерінің айтуына қарағанда, біздің елімізде алдағы бес жылдың ішінде туристік салада 150 инвестициялық жоба жүзеге асып, 30 мың жұмыс орны құрылмақ. Президент Асқам-Жомарт Тоқаев «Қазақстанға келушілер санын 9 миллион, ал туристерге қызмет көрсетушілер санын 650 мың адамға жеткізу, бұл салаға мамандар даярлайтын Туризм университетін ашу» жөнінде міндет қойып отыр. Бұл орайда ішкі туризмді өркендетуде көңіл бөліне бастағаны көңілге үміт ұялатады. Ел үкіметі саланы дамыту жөнінде 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылдады. Онда атағымш сала инвесторлар үшін преференциялық тәртіп енгізіп қарастырылған, қаржы құныларына арнайы гранттар бөлініп, оларды біртұтас салық түрлерін тәуелден босату көзделген. Осы аталған жөнілділер туристік әлеуеті 2,5 миллион адамды құрайтын Алақол көлі мен Алматының тау кластерлері, сыйымдылығы жылына 2 миллион адамды құрайтын Бұрабай-Шортанды, Баянауыл, Имантау-Шалқар курорттық аймақтары мен Балқаш көлі сынды рекреациялық өңірлер ғана емес, Түркістан, Тараз, Байқоңыр сияқты тарихи-өлкетану, мәдени туризм аумақтарының дамуына сенімді серпіні бермек. Сөйтіп, жеңілдігі бар туристік орталықтар тізіміне енген нысандарда қонақ үйлер мен отелдерін, демалыс бағаларын, тақырыптық парктер мен ойын-сауық орталықтарын, басқа да туристік инфрақұрылымдық бөледі нешеғасар жасалмақ. Бұл жобалар нақты жүзеге асырғанда, 9,1 мың адамды жана жұмыс орнымен қамтуға және ел бюджетіне 3,3 миллиард теңге қосымша табыс әкелуге мүмкіндік туады.

Ішкі туризмнің тарихи-мәдени түрін өркендетуге елімізде мүмкіндік мол. Осы тақырып төңірегінде бұдан 2-3 жыл бұрын газет бетінде мәселе көтерген болатымыз. Енді соған қайта оралудың реті келіп тұрғандай. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жердің әрбір сайы мен қырақысы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді... Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады...» делінген. Онда сондай-ақ Қазақстанның қасиетті жерлерін мәдени-географиялық бөледі нешеғасар өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыз екендігі атп өтілген. Айтаңдай-ақ, ата-бабамыздың қаны төгілген осынау тағарлы тауртас, қазыналы қойнау біз үшін сонысымен қадірлі, қастерлі. Қазір бұл ұлағатты ұғым ғылыми түсінікпен түйісіп жатыр. Еліміздің барлық аймақтарында дерлік аталған жобаға қатысты бастамалар іс жүзіне асырыла бастаған болатын. Ал, билік жаса салым індет саябырсыған жағдайда олардың қайта қолға алынуына күмән жоқ. Бұл орайда Қостанай облысының онтүстік аудандары кіретін Торғай өңірі тілге тиік етуге болады. Жалпы бұрша қазак даласы сияқты Торғай да тұнып тұрған тарихи. Бұл аумақта Сатабалды шанын мазары, Екіліні, Жезуе бағдар мазары, Қыз тамы сияқты көптеген тарихи және мәдениет ескерткіштері сақталған. Тарихи маңызы зор ескерткіштер қатарына Торғай мұражайлар кешенін жапқызуға болады, оның құрамына Шақшақ Жәнібек панорамалық мұражайы, Әліби Жангелдин мен Ыбырай Алтынсарин, Міржақып Дулатов пен Ахмет Байтұрсынұв мұражайлары кіреді. Іскер азамат Амандық Әмірхамзин басшылығымен жуырда қолға алынған «Тылысым Торғай туры» жоба бірнеше бағытты қамтиды. Жоба жетекшісінің айтуынша, бірінші бағыт – «Бабалар ізімен» деген шартты атаумен Торғай өңірінің батырлары мен билерін, жарауларын, әуліе-әмбіелерін, ақын-жазушыларын таныту. Торғай жері Шақшақ Жәнібек бағдар, Амангелді Үнербайұлы, Келкі Көкөкбайұлы, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Ыбырай Алтынсарин сияқты ұлы тұлғаларын мекені. Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихи музейі, Амангелді кентіндегі Амангелді Иманов музейі, Торғай қаласындағы Шақшақ Жәнібек бағдар, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы, Ыбырай Алтынсарин, «Торғайдың топжарғаны» Нұрхан Ахметбековтің музейі өлке тарихынан сыр шертеді. Екінші бағыт – әлемнің сегізінші кереметі Торғай геолифтері. Аталған геолифтер дүние жүзінде тек Қазақстанда және Оңтүстік Американың Перу мемлекетінде кездеседі. Торғай геолифтерінің ішіндегі белгілісі – Үштоғай төрбұрышы. Геолифтер Қазақстанның басқа да жерлерінде, әсіресе, солтүстік өңірлерде болуы мүмкін. Бірақ тын игеру жылдары олар тегістеліп кетпелі ме деген күдік бар. Торғай жерінің орталықтан шайдай болғаны мұнан сакталуы да әсер еткенді. Ол сондай-ақ ел турмысының бүзбұнды, қазық қалпына калуына да септігін тигізген. Туристерге нағыз ауыл турмысы ұсынмалы. Қазір ауылда да қалалағдай жағдай бар: әр үйіте таза су кірген, жарық, теледидар, интернет бар, мектеп, аурухана, дәмхана, дүкендер жұмыс істеп тұр. Әрбір үйілін ішінде туалет-ваннасы, ауласында бақшасы бар. Туристерге ел дастарханынан дәм таттырып, бұқпа, қымыз, құрдақ, жент, қатық сияқты тағамдар тартылады. Туристерге қызмет көрсету арқылы аймақ экономикасын дамытуға болатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр.

### ӨНЕРКӘСІП

## Экспорт өссе де, ілгерілеу баяу

Індет зарпан шектірген, экономикалық дағдарыс өз алдына қиындығын қолданып тартқан өткен жылда жайпақ прокат экспорты өскенімен, одан жағымды жетістіктер ұлға қоймайты. Қазіргі көрсеткіштер осы сала үшін ең сәтсіз болған 2019-шы жылдың аясында ғана біршама толымдырақ көрінеді.

### ИСАТАЙ КАМБАРОВ

Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, Қазақстан 2020 жылдың қаңтар-қарашасында қара металлургияның негізгі өнімдерінің бірі – жайпақ прокатты 950,4 млн долларға экспорттаған. 2019 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда оның саудасы 9,1%-ға артқан. Бұл көрсеткіш осындағы көтеріңкі болғанына қарамастан, ол соншалықты қуанырлықтай да емес:

- 2018 жылдың 11 айымен салыстырғанда оның ақшалай күйдегі ауқымы 28,2%-ға немесе 373,7 млрд теңгеге құлдыраған;

- түсімде 9-пайыздық өсімге қол жеткізу үшін тиеліміздегі 30%-дан астамға арттыру қажет болған.

Былтырғы қаңтар-қарашада шет елдерге 1 млн 916,5 мың тонна жайпақ прокат сатылған. Бұл, 2019 жылдың осындай кезеңіне қарағанда, 30,2%-ға немесе 444,3 мың тонна тоннаға көбірек деген өзек. Бірақ бұл 2016-2018 жылдардағы деңгейден аз. Сол кездері шет елдерге жеткізілімдерінің ауқымы 10-23%-ға жоғары болды.

Сонымен, қазіргі көрсеткіштер 2019 жылғы экспорттың бұдан да сәтсізрек жағдайына қатысты көзқарас тұрғысынан қарағанда ғана жақсарық болып көрінеді (1-инфографика).

### ҚЫТАЙ РЕСЕЙДІ БҒЫСТЫРА БАСТАДЫ

Осы өнеркәсіптік өнімдімізді өткізудегі негізгі нарық Ресей болып

1-инфографика  
Қаңтар-қараша қорытындылары бойынша жайпақ прокаттың экспорты (ҚР СКРА Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша)



қалып отыр. 2020 жылдың 11 айында 1,17 млн тонна прокат сатылған. 2019 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда болсақ, көрсеткіш 3,9%-ға өскен. Бұл ретте жасалған мәмілелерден түскен табыстар 10%-ға жуық: 654,2 миллионнан 590,8 млн долларға дейін құлдыраған. Тіптісіне, қазақстандық өнім экспорттың Ресейдің үлесі де қысқарған. Егер 2019 жылы ол 75% (ақшалай түрде) құраса, бір жылдан кейінгі көрсеткіш – 62%.

Екі ел өнімдімізді өткізудің балама нарығына айналған.

Бірінші бағыт – Өзбекстан. Осы бағытта прокат сату 123,6 миллионнан 149,5 млн долларға дейін (+21%) артып, тиелімізде – 188,9 мыңнан 269,7 мың тоннаға дейін (+42,8%).

Екінші бағыт – Қытай. Аспан асты еліне сатылымдар жылдымырақ қарқынмен өсе түскен:

- тиеліміздегі қаңтар-қарашадағы қорытындылары бойынша көрсеткіш алдындағы жылға қарағандағы 34,7 тоннадан әлдеқайда асып түсіп, 301,8 мың тоннаға құраған. Айырмашылығы – 8,7 есе артқан;
- сатудан түсімдер 12,9 млн долларға дейін, яғни өсе өскен.

Қазақстандық барлық жайпақ

2017 жылдан бергі, ең табысты жыл болып отыр.


- 2020 жылдың желтоқсанында өндіріс көрсеткіштері 282,6 мың тонна құраған. Бұл – үш жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Ол соңғы рет 2017 жылы қараша айында (329,6 мың тонна) жоғары болған.

- Өндірістің жылдан жылға қарағанда өсуі 2020 жылдың 12 айының 10 айы бойында байқалған.

- 2020 жылдың маусым айынан бастап 2019 жылдың сол айына қарағанда тұрақты түрде жоғары (2-инфографика).

### 2-инфографика

Жайпақ прокат өндірісінің айлық көлемі (ҚР СКРА Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, мың тонна)



өндірістің өсуі прокатты импорттауды қысқартқан. 11 айда арасында (жақын шетелдерден өзге) Ауғанстан, Вьетнам мен Үндістан бар, басқа да 11 елге тиесілі.

### ӨНДІРІС ӨСУДЕ

Өндірістің өсім аясында сатылымдар өсуі де жүзеге асады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша республикамызда 26,1%-ға көп. Өткен жыл, өнімді шығару 3 млн тоннаға тауу прокатты құраған

өндірістің өсуі прокатты импорттауды қысқартқан. 11 айда арасында (жақын шетелдерден өзге) Ауғанстан, Вьетнам мен Үндістан бар, басқа да 11 елге тиесілі.

Сырттан әкелінген өнім құны 397,2 миллионнан 319,9 мың долларға дейін қысқарған. Ресми мәліметтерде Малайзия, Жапония, Бангладеш пен Оңтүстік Африканы қоса есептегенде прокатты жеткізушілер ретінде 38 ел тіркелген. Іс жүзінде болса, өндірістің 96%-ы екі елдің: Ресей (\$240,1 млн, -21,7%) мен Қытай (\$65,6 млн, -13,9%) енісінде екен.

### СЫРТҚЫ ФАКТОР


## 22-29 қаңтар аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу\*

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 29 қаңтарда теңгенің нарықтық бағамы апта ішінде 1,1%-ға (419,69-дан) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 424,22 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 22-29 қаңтар аралығындағы кезеңде дамушы елдер валюталарының серпіні әртүрлі бағытта болды. АҚШ ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі 0-0,25% аралығында өзгеріссіз сақтап қалды. АҚШ экономикасының баяу қалпына келуіне және ауқымы қолдау шараларына бас тартуға дайын еместігін де атап өтті. АҚШ Конгресінің сенаторы наурыздың ортасына қарай жана ынталандыру топтамасының қабылдануын қамтамасыз етуге тырысатынын мәлімдеді. ДЛҰ вирустың таралуын тоқтату үшін қажетті вакциналардың аз қамтылғаны туралы ескертті. ХВК әлемдік экономикадан өсу болжамын 5,5%-ға дейін арттырды (алдыңғы болжамы – 5,2%). Қор индекстері жеке инвесторлардың әрекеттеріне және вакцинация бастауының белгісіздігіне байланысты қауіптен аясында төмендеді.

- Дамушы елдер валюталарының\*\* АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендеді келіп қалды:
  - Түрік лирасы ОБ басшысының қатаң қаша-кредит саясатын ұстануға берген уәдесі аясында 1,5%-ға (7,42-ден 7,31-ге дейін) нығайтты;
  - Үнді рупиясы 72,98-ден 72,95-ке дейін біршама нығайды. Үндістан үкіметі фермерлердің наразылығына байланысты ел астанасы Нью-Делиде қауіпсіздік шараларын күшейтті;
  - Индонезия рупиясы айдың соңына қарай жаһандық инвесторлардың портфельдерін қайта теңгерімдеу аясында 14 035-тен 14 030-ға дейін нығайды;
  - Бразилия реалы апта ішінде өзгерген жоқ, 5,47 деңгейінде қалды;
  - Оңтүстік Африка ранды елдегі күрделі эпидемиологиялық жағдай мен вакциналарды жеткізуде байланысты проблемалар аясында 0,1%-ға (15,15-тен 15,16-ға дейін) әлсіреді;
  - Ресей рублі санкциялық тәуекелдер аясында 0,8%-ға (75,29-дан 75,88-ге дейін) әлсіреді;
  - Мексика песосы АҚШ доллары бағамының жаһандық нығайту аясында 3%-ға (19,97-ден 20,57-ге дейін) әлсіреді. Мексика ДЖО-сі 2020 жылдың 4-тоқсанында 3,1%-ға тоқ/тоқ, өсті (3-тоқсандағы 12,1%-дан төмендеді).

\* шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дереккөздеріндегі негізінде апта сайын дайындайды;  
\*\* АҚШ долларына қарағанда қалемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.





**БИЗНЕС&SPORT**

**БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕ**

Мемлекетіміз Тәуелсіздігін 1991 жылдан алғашқы бері әлем халқы жер бетінде Қазақстан мемлекеті бар екендігін біле бастады. Еліміздің таяымал болуына спортшыларымыздың қосқан үлесі шексіз. Кезінде Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың өзі мемлекетімізді әлем халқы екі жағдайда, біріншісі, Мемлекет басшысы ресми сапармен барған кезінде және спортшыларымыз жүдеші болған кезінде тамаша, деп тегішпен-тегіш айтпаған еді.

**НҮРЛАН ҚҰМАР**

Ең басты дүбірлі доданың алғашқы алтынның бұдан 27 жыл бұрын, яғни 1994 жылы Норвегияның Лиллехаммер қаласында өткен Ақ Олимпиадада атақты шаңғышымыз Владимир Смирнов салып берді. Бірақ өкінішке орай, содан бері қысқы ойындардан алтын алып, Туымызды көкке көтеріп, Әнұранымызды



# Сайыпқырандарымыздың дүбірлі додаға дайындығы қалай?

Бұл жолы жұмбақ жүйрік кім болмақ?

әулеткен спортшыларды көрмедік. Елімізде бұдан он жыл бұрын, дәлірек айтқанда, 2011 жылы Астана мен Алматы қаласында VII Қысқы Азияда ойындарының өткізілетіні белгілі. Дүбірлі бәсекеде 32 алтын, 21 күміс және 17 қола медаль, барлығы 70 жүлдені еншілеген қазақстандық спортшылар жалпыкомандалық есепте алғаш рет бірінші орын алған еді. Құдайға шүкір, жазғы Олимпиаданың қазақ спортшылары жүдешісі қайтқан емес. Себебі бокс, күрес, ауыр атлетика сынды он жамбасамызға келетін спорт түрін жерлестеріміз үнемі жүзде алып келеді.

Биылғы олимпиада Қазақстан тәуелсіз ел ретінде қатысқалы отырған жетінші жазғы Олимпиада ойыны болмақ. 1992 жылы Испанияның Барселона қаласында өткен XXV жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан құрамасы бұрынғы КСРО-сы 15 елінің «Біріккен командасы» құрамында өнер көрсетті. Ал, жеке ел ретінде 1994 жылы Норвегияның

2004 жылы Афинада өткен XXVIII Олимпиадада Қазақстан құрамасы 17 спорт түрін сыныға түсіп, барған 119 спортшы 1 алтын, 4 күміс, 3 қола медаль (жалпыкомандалық есепте 40-шы орын) иеленді. 2008 жылы Бейжіңде байрағы көтерілген XXIX додада еліміздің намысын 132 спортшы 22 спорт түрі бойынша бақ сынап, 2 алтын, 4 күміс, 7 қола еншілеп, жалпыкомандалық есепте 29-орынға тұрақтады. Қазақстандық спортшылар ірі жетістікке Лондондағы XXX жазғы Олимпиадасында қол жеткізді. Олимпиаданың алғашқы күндерінде жалпыкомандалық есепте тіпті спорты өте жақсы дамыған алып Ресейден де озып, ТМД бойынша бірінші тұрған күнгеріміз болды. Жеті алтын, бір күміс, жеті қоламен Қазақстан жалпыкомандалық есепте 12-орынды иеленді. Бұл – үлкен жетістік. 115 спортшымен аттанып, 20 спорт түрін жерлестеріміз 7 алтын, 1 күміс, 5 қола медальмен жалпыкомандалық есепте 12-ші орыннан көрінді.

лицензиялық жарыстар пандемияға байланысты кейінге қалдырылды. Дегенмен жолдама саны алдағы уақытта әлі де өсе түсетіні күмәнсіз.

Қазір, Қазақстан құрамасының бір азу спортшысы олимпиадаға қатысу құқығына ие болды. Бұдан бұрын ату спорты бойынша Юрий Юрков пен Сәрсенқұл Рысбекова, Ришат Хайбуллин (спорттық өрмеу) және Дмитрий Баландин (100 және 200 метр қашықтағы брасс әдісімен жүзу) лицензияға иеленген болатын. Сонымен қатар спорт падишасы болып саналатын жеңіл атлетикадан Ольга Рыпакова мен Георгий Шейко, велоспорттан Евгений Гилич, классикалық садақ атудан ерлер командасы, садақ атудан Денис Ганькин, Ильфат Абдуллин, Санжар Мусаев та лицензияға қол жеткізген еді. Виталий Худяков (ашық суға жүзу), Екаторина мен Александр Немин (мәнерлеп жүзу), Милла Керимли (спорттық гимнастика) да тәртіпшілік бәсекеге қатысатын болады.

іріктеу турнирі Алматыда өтетіні жариялады. Бұл еліміздің балуандары үшін тиімді. Бозкілем шеберлері өз жерімізде өтетін сайыста сәтті өнер көрсетіп бірнеше жолдаманы еншілейді деп үміттенеміз.

Қазір бокстан ерлер құрамасының ғана жолдама саны толық. Боксшылар жолдаманы ертерек иеленді. Былтыр Йордания астанасы Амманда өткен іріктеу жарысында құрамадағы барлық балғыр қолғап шеберлері өте сәтті өнер көрсеткен болатын. Алайда қазір олимпиадаға дайындық мәселесінде біраз қиындыққа тап болды. Бүкіләлемдік карантин салдарынан жоспарланған оқу-жаттығу жиналдыра да, халықаралық жарыстар да біріннен кейін бірі шегеріле берді. Осының салдарынан әлем чемпионы Бекзат Нұрдаулетов (81 күміс), әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлделері Камшыбек Қоңқабаев, қоспайқар шаршы алаңына тәуекел етуге мәжбүр болды. Екеуінің де аяқ алысы жаман емес. Камшыбек тіпті екі қарсыласын еркін жеңді. Соңғы олимпиадамен салыстырғанда, ерлер арасында жолдама саны екіге қысқарды. Мәселен, 49 және 60 келі салмақ дәрежелері олимпиялық сапандан алынып, оның есесіне, өйелдер лицензиясына тағы 3 салмақ дәрежесі қосылды. Токио додасы гендерлік тепе-теңдікті насихаттайтындықтан да, бұл бастамаға ештеңе алып-қоса алмаймыз. Оның үстіне, біздің боксшы қыздардың қарқынды жаман емес. Әзірше Надежда Рябецтің (75 келі) ғана жолдамасы бар.

Әр олимпиаданың өзіндік сенсацияға толы оқиғасы бар. Мәселен, 1994 жылы Лиллехаммер қаласында өткен Қысқы олимпиадада күтпеген жерден Владимир Смирнов мәре сызығын бірінші болып кесіп, төртжылдық доданың чемпионы атанды. Енді Жазғы Олимпиадаға тоқталайық. 1996 жылы Атланта Олимпиадасында Александр Парыгин (қазіргі бессайыс) ойламаған жерден топ жарды. 2000 жылы Сиднейдегі бәсекеде Бекзат Саттарханов (бокс) күтпеген тұстан биік тұғырға көтерілді. 2004 жылы Афина қаласында өткен Олимпиадада Бақтияр Артаевтың (бокс) жолы болса, 2008 жылы Бейжіңдегі додада Бақыт Сәрсенқожаевтың (бокс) асығы аттанып түсті. 2012 жылы Лондон төріндегі жарыста Александр Винокуров (велосабандоз) мықтылардың арасында күтпеген жерден алға шығып кетті. 2016 жылы Рио-де-Жанейродағы бәсекеде Дмитрий Баландин (жүзу) өзінен әлдеқайда тәжірибелі спортшылардан байқаусызда озып шықты. Ендігі жұмбақ жүйрік кім болмақ? Токио олимпиадасында қай спортшы күтпеген жерден чемпион болады. Әрине, бұл сұрақтан жауабын биылғы жылы Токио олимпиадасында көріп, естітіп болмаз.

Ендігі сайыпқырандарымыздың басты мақсаты – өсіп жылы Токио қаласында өтетін Олимпиада ойындарында биік белестерді бағындырып болып табылады. Барлық спортшыларымызға тек сәттілік тілейміз.



Лиллехаммер қаласында өткен XVII қысқы олимпиадаға қатыстық. Шаңғышы Владимир Смирнов бұл дүбірлі доданың соңғы күнінде 50 шақырымдық алыс қашықтықта алтыннан алқа таққан болатын. Осылайша В.Смирнов Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы олимпиада чемпионы атанды. 1996 жылы АКШ-тың XXVI Атланта олимпиадасында өткен додада спортшыларымыз алғаш рет жазғы олимпиада да бақтарын сынады. Атланта еліміздің намысын 96 спортшы қорғады. 14 спорт түрін жарыс жолына шығып, 3 алтын, 4 күміс, 4 қола жүзде (жалпыкомандалық есепте 24-ші орын) еншілеп қайтты.

Араға 4 жыл салса Сиднейде өткен XXVII Олимпиада да ұлттық құрамын саны артты. 130 спортшы 17 спорт түрін бақ сынады. Онда жерлестеріміз 3 алтын, 4 күміс (жалпыкомандалық есепте 22-ші орын) еншіледі.

Бұдан бес жыл бұрынғы Жазғы бәсекеде Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өткен олимпиадада 17 медаль ожапал, өз тарихында жүдешілердің саны бойынша рекорд орнатты.

Ағымдағы жылдың жазында Жапонияның Токио қаласында XXXII Жазғы олимпиада ойындары өтеді. Өткен жылы коронавирустың дүниежүзін тез таралуына байланысты бұл байрақты бәсеке өткізілмеді.

Төрт жылдық дүбірлі додаға қатысуға арналған лицензиялық жарыстар биылғы жылдың басында көптеп саралқа салынады. Биылғы Токио олимпиадасында спорттын 33 түрін 339 жүзде жынтығы саралқа салынады деп күтілуде. ХОК-қа мүше 206 елдің бәріннен өкіл келеді деп жоспарланып отыр. Дүбірлі додаға әлемнің төрт бұрышынан 12 мыңға жуық спортшы қатысуы ықтимал. Бұл – бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіш. Ал олимпиадаға берілетін

Дзюдошылар іріктеуі әлі аяқталған жоқ. Су добынан ерлер құрамасы қосымша іріктеуге қатысып барып қана олимпиадаға жол аша алады. Қысқаша айтқанда, биылғы жылдың жазына дейін бірі лицензиялық жарыстар бізді күтіп тұр.

Қазір балуандарымыздың да аяқ алысы жаман емес. Қоржымдығы 8 жолдама бар. Бұлар: Нұрислам Санаев, Әлішер Ергали, Данияр Қайсанов, Дуалет Ниязбеков, Мейрамбек Айнағұлов, Асқат Ділімұхамедов, Валентина Исламова, Эльмира Сыздықова. Бірақ күрес түрлерінен берілетін лицензиялар нақты бауланға тиесілі болмағандықтан да, 8 бөлікте шеберінің қатарында өзгеріс болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Алайда үміткерлерді ерте бастан анықтап, олимпиадаға тікелей дайындаудың да маңызы зор екені сөзсіз. Таяуда Біріккен күрес әлемі (БКӘ) биылғы жылдың көктемінде олимпиаданың қосымша

**НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

**▶ АГРОКЕШЕН**

**ШАРУА АДАМЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛУДЕ?**

«Тараз» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жамбылдық кәсіпкерлерге 13,8 миллиард теңгеге қаржылай көмек көрсетті.

Облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың қатысуымен өткен кеште бытыр атқарылған жұмыс нәтижелері қаралды. Жиында есеп берген «Тараз» ӘКК» АҚ басқарма төрағасы Олжас Қаржауов корпорация шаруаларын басты мәселелерін шешуге белсенді атсалынып отырғанын атап өтті. Осы ретте су тапшылығы мәселесін шешуде атқарылған жұмыстарға тоқталды. Мәселен, бытыр жергілікті шаруалар «Тараз» ӘКК арқылы 2,5 мың гектарға жуық жерді суаруға мүмкіндік беретін 132 жандырылтық қондырғы сатып алды.

Құн төртбүйілігі басты мәселелердің бірі – ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту. Осыған орай «АгроМашХолдинг КЗ» компаниясымен бірлесіп «Trade In» бағдарламасы іске қосылған. Алғашқы кезеңде шаруаларға 10 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы берілсе, қазір тағы 60 өтімні қарастырылуда. Жалпы, есепті кезеңде шаруалар 3 миллиард теңгеден астам сомаға 329 бірлік түрлі ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алған.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында Тараз қаласында 15 дүкен ашылған. Ондағы баға нарықтағыдан 10-20 пайызға төмен. Күн сайын сегіз мыңға жуық адамға қызмет көрсететін бұл дүкендер тұрақтандыру қорының ғана емес, жергілікті азық-түлік өндірушілерінің де өнімдерін сатады.

Бау-бақшаны дамыту, яғни импорт үлесін азайту үшін корпорация жеміс-жидек өсірумен айналысатын шаруаларға 60 миллион теңге бөліп берген. Сондай-ақ өндірістік негізде балық өсірушілері қолдау үшін екі балық шаруашылығына 50 миллион теңге сомасында қаржылық көмек көрсетіліп, тағы 20 өтімні қарастырылуда.

Кеште қорытындылаған облыс басшысы атқарылған жұмыстарға он баға беріп, жана бастамаларды іске асырудың маңыздылығын, жұмсалған бюджет қаражаттарының әр бір теңгесі бек есе табыс әкелуі тиіс екенін баса айтты.

**▶ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ**

**АҚЫЛЫ ЖОЛДАР КӨБЕЙДІ**

Алдағы бес жылда еліміздегі ақилы жолдардың ұзындығы 11 мың шақырымға жетеді.

Бұл туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінде ведомство басшысы Бейбіт Атамқұловтың төрағалығымен өткен республикалық маңызы бар автожолдарда ақилы жүйе енгізу мәселесі арнаған кешке барысында айтылды. Қазіргі уақытта ұзындығы 5,8 мың шақырым болатын 18 уәкесінде бақылау арқарларының құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, 10 уәкесі тестілік пайдалануға берілген.

Енді бірлік бөлікте бағдарламалық-аппараттық кешендер орнатқы аяқтал, қалған 8 уәкесінде тестілік пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Жалпы ұзындығы 5,8 мың шақырымды қамтитын 1 кезең аясында ақилы жолдардың ұзындығы 30 наурызда іске қосу көзделген. Осы жылы инвестициялық келісімшарт аясында ұзындығы 800 шақырым болатын 5 уәкесіне құрылыс-монтаж жұмыстары жоспарланып отыр. Атап айтқанда, олар – «Петропавл – РФ шекарасы (Қорған)», «Шұңиіск – Зеренді», «Таскескен – Бақты», «Жетібай – Жаңаөзен» және «Ақтөбе – Қарабұт» уәкеселері. Осы мәселеге қатысты өңірлерде жүйелі негізде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Бытыр желтоқсан айында 15 қоғамдық тыңдау өткізіліп, биыл ақпанда 13 уәкесі бойынша осындай 58 шара өткізу жоспарланып отыр.

2025 жылға қарай Қазақстандағы ақилы жолдардың ұзындығы 11 мың шақырымға жетеді. Одан түскен қаражат жолдарды жөндеуге, күтіп-ұстауға, ақилы жүйелеріне қызмет көрсетуге және инвесторға төлеуге жұмсалынады.

**▶ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ**

**БАҚША ӨНІМДЕРІН ЭСКІПОРТҚА ШЫҒАРДЫ**

Бытыр мақтаралдықтар 100 мың тоннаға жуық ақ алтын жинады.

Жалпы өткен жылы Мақтарал ауданының ауыл шаруашылығы еңбеккерлері 48 миллиард теңге сомаының айналысады. Диканар бытыр 60 мың гектардан астам жерге еңіл салы, оның 40 мың гектарға жуығы мақта дақылна тиесілі. Аудан бойынша 100 мың тоннадай мақта жиналып, орташа кестірт шығымдылығы 25 центнерден айналды. Түркістан облысы әкімі баспасөз мәслихатында хабарлауына, жалпы мақтаны машиналық өлшеп теңге 66%-ға жеткен. Қалғаны жұмысшылардың күшімен жиналған. Өткен жылы АҚШ-тан Мақтарал ауданына қосымша 23 дана «Джон-Дир» мақта комбайны сатып алынған. Мақта терімі науқандына 514 трактор, 1206 тіркеме және 151 комбайн қатысқан.

Бытыр шаруа қожалықтары 50 мың тоннаға жуық көкөніс, 12 мың тонна күріш және басқа да түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өндірді. Жылжылар көлемі қосымша 10 гектарға ұлғайып, 250 га алпақпа ташылатылап суару технологиясы ендірілді. Сонымен қатар мақтаралдықтар 300 мың тоннадан астам басқа өнімдерін өндірп, оның 80 пайызын экспортқа шығарды. Маусым кезінде күш сайын қауын-қарбыз тиелген 300-ге тарта жуық келігі ТМД, Балтық елдері, Түркия, Германия, Греция елдеріне жол тартты.

**Рымтай САҒЫНБЕКОВА**



# БИЗНЕС&МӘДЕНИЕТ

## ► КҮРМЕТ



### Үстаз ұлағаты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінде белгілі әдебиетші, ғалым Нұржан Қуантайұлының 50 жылдық мерейтойына байланысты «Баспа ісі және казіргі әдеби процесс: жазушы, сыншы, оқырман» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

#### АЙБОЛ КӘДІРБАЙ

Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының ұйытқы болуымен өткен конференцияда қазақ журналистикасының өткені мен болашағы туралы мазмұнды ойлар айтылып, әдеби процесс пен жазу өнерінің бүгінгі өрісі кенінен талқыланды. «Бұл каламгер әдебиет өлеміне өзін қолтаңбасымен, өзіндік үнімен келген ақын. Сонау 90-шы жылдардың өзінде ол жарқ ете қалып, бүкіл әдебиет үшін қауымды елең еткізген болатын. Нұржанның шығармашылық қуаты кең. Әдебиет пен ғылымды егіз өрген ұстаздан

тәлім алған шәкірттер қазақ сөз өнерінің қадір-қасиетін терінен зерделей хак», — деді сыншы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Амангелді Кеншілікүлы.

Қаламгердің мерейтойына орай, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев құттықтау хат жолдады. Сондай-ақ, университет басшылығы Нұржан Қуантайұлы «Ерен еңбегі үшін» медалімен нағратпаң, шығармашылық табыс тіледі.

Қаламгер Н. Қуантайұлы казіргі таңда проза, поэзия жанрында қатар қалам тербей отырып, тәжірибелі ұстаз ретінде болашақ баспагерлерді дайындауға айрықша үлес қосып келеді. Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының, «Әдебиет» аталымы бойынша «Дарын» мемлекеттік сыйлығының, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты атанған қабырғалы қаламгер әдебиеттен бөлек ұлттық журналистиканың өркендеуіне де еңбек сіңіріп жүр.

## ► ТУРИЗМ



### «Теректі» тау шаңғы базасы жұмысын бастады

Алматы облысына қарасты Сарқан ауданы тау туризміне дамытуға нақты қаламдар жасауда. Аймақта «Теректі» тау шаңғы базасы өз жұмысын бастады.

#### АЙЖАН ЖАСБАТЫРҚЫЗЫ

Аудан әкімінің мәліметіне қарағанда, 2018 жылдан бері тау спортын сүйген жандарға қызмет ұсынап келе жатқан баспа бұғиіне шаңғы тебу жолын 737 метрге жеткізген. Мұнда 170 метрлік тобиің-сырғанақтар бар. Оған қоса бимылғы жылы арнайы мұз айдыны ашылып отыр.

Қыстың қызығынан құр қалғысы келмейтін көпшілік мұнда негізінен демалыс күндері келеді екен. «Біздің базамыз кіру тегін. Ал қонқы, шаңғы, баллон сияқты спорттық құралдарды жалға алу қуны арзан. Бүгінгі күні демалыс аймағында 10-нан аса шаңғы, 3 сноуборд, 20-ға жуық үрлемелі баллондар бар. Алдағы уақытта материалдық базамызды толықтырып, қоңақ үй, асхана, балық аулайтын

аймақ салу жоспарымызда бар», — деді шаңғы базасының директоры Ержан Аманғайұлы. Сонымен қатар, жеке кәсіпкер жүз мегілініде суға шомылғау арналған бассейні ашпақ. Оған шаңғы базасының Теректі өзенінің жағалауында орналасуы мүмкіндік береді.

Айта кететіні, тау шаңғысы базасына желтоқсан айынан бері 300-ден аса аудан тұрғындары демалып қайтқан. Жалпы Қазақстан Республикасының туристік саласын дамыту үшін 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Алматы облысында 8 ірі инвестициялық қанатқаты жобаны іске асыру көзделген.

Сол қатарда «Ой-қарағай» — «Апорт» — «Актас», «Ақбулак» тау шаңғы курорттары кеңейту, «Түрген» тау шаңғы курорты мен «Park Сапоуо»-туристік ойынауық кешені салу жұмыстары белгіленген. Тартылған инвестиция көлемі 300 млрд. теңгеге жуық, оның 70 пайызы жеке инвестиция құрайды. Бұл 5 мандай жана жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

ТОО «Ғасыр Серік Олжа», БИН: 080840008008, мекенжайы: г. Алматы, Аuezовский район, мкр Тастак 1, д. 13, оф. 3, сообаоат о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, Аuezовский район, мкр Тастак 1, д. 13, оф. 3.

## ► РУХАНИ ЖАНҒЫРУ

# Кітапхана – білім ордасы

Алматы қаласында «Рухани жанғыру» бағдарламасы аясында жаңартылған төрт кітапхананың жұмысымен таныстыру бойынша БАҚ өкілдеріне арналған пресс-тур ұйымдастырылды.

#### НҮРЛАН ҚҰМАР

Бұған дейін Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев кітапханалар жұмысының жана форматтарымен танысқан болатын. Ол кітапханалар базасында жаяу қашықтықта балалар мен жастардың бос уақыттарын өткізу орталықтары құрылатындығын атап өтті. Жалпы, жаңартудан кейін оқырмандар саны 25 пайызға, ал бір жерде 50 пайызға дейін артты.

«Өткен жылы қала әкімінің қолдауымен жөндеу жұмыстары бйлтырғы жылдың жазынан бастап жүргізіліп, жана техникалар мен жиһаздар әкелінді. Біздің орталықта оқырмандарға жайлы жағдай жасалыған. Жаңартудың арқасында кітапханамызға күніне 500-ге дейін адам келетін болады», — деді Қазақстан Жазушылар кітапханасының кітапхана меңгерушісі Елена Ағайса.

Кітапханаларды жаңарту қызметтерінің заманауи спектріне арналған «Рухани жағыру» бағдарламасын іске асыру, қарым-қатынас, оқуға шығармашылық атмосфераны құру, кітапханаларға деген жоғары сұранысты қамтамасыз ету, сондай-ақ жана диалог пен мәдени аландардың жұмысы аясында 2017 жылы басталды. Жаңартудың мақсаты —



балалар кітапханасы мен № 39,14 кітапхана-филиалдары.

«Өздеріңіз көріп отырғандай, мұнда бөлмелер тар. Бұрындары, тіпті, артық қимыл жасауға мүмкіндік болмайтын. Жаңарту жұмыстарынан кейін кітапхана әжептәуір кеңейді. Оқырмандар жайғасып, еңгіме-дүкен құра алатын екінші қабат пайда болды. Артық сөздерді жойып, оның орнына қозғалмалы сөздер орнатылды. Соның нәтижесінде орын тапшылығы мәселесі шешімін тауып отыр. Одан бөлек, атамшыл орталық бұрындары мүмкіндіктің шектеулі болуынан шаралар өткізе алмайтын, казір 15 адам еш қиындықсыз сыйып кетеді», — деді Қалалық орталықтан дырлған кітапхана жүйесі директорының орынбасары Наталья Дмитриевна. Жана кітапханалар тек сыртқы түрі мен жана келбетін

өзгертіп қана қоймай, жұмыс тәртібін де өзгертті, бұдан бйлай кітапханалар күн сайын сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін, аптасына жеті күн жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар әр нысанда әртүрлі үйірмелер мен клубтар ашылады. Мысалы, «Отбасы бөлмелері» — мұнда бүкіл отбасының бос уақытына көңіл бөлінетін болады. Кітапханаларда кең ауқымды мандардың; жазушылардың, суретшілердің, өнертанушылардың, ғалымдардың, блогерлердің, әріктердің диалог алаңына айналатын іс-шараларды белсенді форматта өткізу жоспарланады. Барлық іс-шаралар карантиндік шектеулерге сәйкес жүзеге асырылады. Әр түрлі жастағы балалар үшін көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады. Мысалы, балаларға арналған түрлі тренингер, квесттер өтеді. «Ағылшын тілі», «Монстраклен өру», «Оригами», «Сурет салу», «Шахмат» және осы сияқты басқа тегін үйірмелердің жұмысы жүргізіледі. Сонымен қатар, оқырмандар түрлі кештерге, ақындармен, жазушылармен асысуларға, жана кітаптардың тусуаскерлеріне қатыса алады.

Жаңартылғаннан кейін әр кітапханада орын саны көбейіп, жеке жұмыс, байланыс, іс-шаралар мен интернет бөлмелері үшін әр түрлі бұрыштар құрылды.

«Алматы қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің» барлық қызметі балалар мен жастардың өмірге дайындалуына көмектесуге, оларды оқуға баулуға, әлемдік мәдениеттің жетістіктерімен таныстыруға бағытталған.

## ► МӘРТЕБЕ

# Театр өнерінің қара шаңырағы

М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы Жарлығымен «Ұлттық мәртебесінің берілуіне және театрының құрылынына 95 жыл толуына арналған баспасөз конференциясы өтті.

#### САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жарлығымен министрлікке қарасты бірқатар мәдени ұйым «Ұлттық» деген мәртебе алған болатын. М.Әуезов атындағы Қазақ Ұлттық драма театры, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық академиялық оркестр, Абай атындағы Қазақ Академиялық Ұлттық Опера және балет театры, М.Лермонтов атындағы Орыс мемлекеттік академиялық драма театры, ҚР Ұлттық кітапханасына осы мәртебе берілді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен өткен атаулы іс-шара аясында баспасөз конференциясы, марапаттау рәсімі және «Ұлттық театрга — 95 жыл» атты мерейтойлық концерт ұйымдастырылды.

М.Әуезов атындағы Қазақ Ұлттық драма театрының директоры Еркін Жұасбек конференцияны жүргізіп отырды. Баспасөз конференциясы барысында Мәдениет және спорт министрі А.Райымқұлова, «Ұлттық» мәртебесіне иеленген М.Әуезов атындағы Қазақ Ұлттық драма театрының көркемдік жетекшісі, КСРО Халық артисі — А.Әшімов, М.Әуезов атындағы Қазақ Ұлттық драма театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері — Е.Жұасбек,

Абай атындағы Қазақ Ұлттық опера және балет театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері — А.Калиева, М.Лермонтов атындағы Ұлттық орыс драма театрының директоры — Ю.Якушев, Құрманғазы атындағы Ұлттық халық аспаптар оркестрінің директоры — М.Қуанышев, ҚР Ұлттық кітапханасының директоры — Б.Оспанова қатысып, өз ойларын ортаға салды. БАҚ саласының қызметкерлері театр, мәдениет саласы жайлы толғандырған сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптарды алды.

«Қазақ театр өнерінің қара шаңырағы — М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрына «Ұлттық» мәртебе берілуі «Әкем театрының» 95 жылдығына үлкен сый болды деп санаймын. Әрқашан биіктен көріне берініздер! Бабалар аманаты «Басти сөзілік — денсаулық» деген қасиетті өзіндік басшылыққа алып, жана жылда өздеріңізге мықты денсаулық тілегім келеді, еліміз аман, жұртымыз тыныш, мемлекетіміздің абыройы асқақтай берсін! Алыптарымыз айтқандай, «ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы» еңлеше құлшылдай жарықтарып, қазақ өнерін өрге, ұрасын төрге сүйсен еңбектеріңіз жемісті болсын! Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін!», — деді Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова.

Баспасөз конференциясынан кейін іс-шара театр сахнасында салтанатты марапаттау рәсімімен жалғасты. Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова театр ұжымына ҚР Президентінің құттықтау хатын табыстап, министрлік атынан театр қызметкерлерін алғыс хатпен



марапаттады. Киелі шаңырақтың 95 жылдық мерейлі маусымымен Алматы қаласы әкімінің өкілі де арнайы құттықтап, бұл өнер ұжымының «мәдени астананың ең маңызды ордасы» екенін атап өтті. Мерекелік кештен соң, көперемге «Абайдың жұмбағы» драмасының премьерасы ұсынылды.

Жалпы тарихқа көз жүгіртсек, театрдың ең алғашқы шығармашылық ұжым Қызылорда қаласында 1925 жылы қалыптасты. 1926 жылы М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашылды. 1928 жылы ел астанасы Алматыға ауысқанда театр ұжымы да көпті, 1929 жылы театр труппасы Алматыға қоныс аударды. 1930-жылдардың 1-жартысында қазақ жерінде Кеңес өкіметі тұсындағы ұжымдастыру шаралары жүзеге асыру барысын бейнелейтін пьесалар қойылды. Осы жылдары К.Байсейітова, К.Байсейітов, Қ.Бейісов, Ж.Елебеков, М.Ержанов, Ш.Жиенқұлова, К.Қармысов, Қ.Әлішінов, Ш.Айманов, С.Майқанова, З.Құрманбаева, С.Телғараев, А.Абдуллин, О.Жұмағұлов, Ж.Өгізбаев, Р.Қойшыбаева, Г.Сыздықова және тағы да басқа сахна шебер-

лерінің келуі театрының күрделі драмалық шығармаларды меңгеруіне жол ашты. Сондай-ақ, театрға арнайы шақыртумен келген орыс режиссерлеріне де еңбегі ерекше болды. Олар қойған әрбір спектакль актерлердің нағыз сахна мектебіне айналды. 1935-1937 жылдары М.Әуезовтың, Б.Майлиннің, Ж.Мүсіреповтың тарихи тақырыптағы туындылары, орыс кеңес драматургиясынан, орыс және шет ел классикасынан қойылған спектакльдер театр ұжымының шығармашылық бағыт-бағлары мен ізденіс-табыстарын айқындады. 1941-1945 жылдар аралында туған елге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімін, адамдармыздың асқақ, алды, интықмашылдық рухы мен берік достығын, майлан мен тылағы қаһармандық күресін көрсететін пьесалар театр репертурынан кен орын алды. Сонымен қатар, театр труппасына Алматы, Москва, Ленинград және Ташкенттің арнаулы оқу орындары тәмамдаған маман актерлермен толықты. 1937 жылы театр академиялық деген мәртебе алып, 1961 жылы Мұхтар Әуезовтың аты берілді.

Құрылтайшы және шығарушы: «ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Бас редактор: АКСАТҚАУОВ  
Бас редактордың орынбасары - Жұмыртқалық  
Рысбай САҒЫНБЕКОВА  
Шымындын ПАТТЕЕВ  
Қайыратуы Бөлмесі 272-87-30  
жарнама бөлмесі 267-00-44  
www.tengemonitor.kazgazeta.kz  
E-mail: kaz\_gazeta@mail.ru

Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРЖЫҚЫЗЫ, Истан ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚҰМАР  
Беттетуші: Ернар ОРМАНОВ  
«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:  
Ақтөбе облысында: Жанғабай Қабакбаев 8 771 769-63-22  
Маңғыстау облысында: Бектур Телуғалиев 8 701 774 2141  
Газагеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Оффсеттік басылған.

АҚПАЛДАТҚАН АЛҚАСЫ:  
АЛШАНОВ Рахман  
ӘБДИМАНОВ Саркынғали  
БЕКБОЛАТҰЛЫ Жемісбай  
ЕСПОЛОВ Тілекес  
КАЛИЕВ Габи  
НҮРСЕЙІТ Айтқали  
САЛТАРАЕВ Әбіраманжол  
САТЫБАЛДИН Садықбай  
ТІМРЕХОВС Нұржан  
Тел: 273-50-53

Тапсырыс: 1505.  
Таралымы: 5000.  
Газагет аптасына 1 рет шығады.  
Газагет «Дәуір» РТБК ЖШС-да басылды.  
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй.  
Тел: 273-50-53.

Мекен жайылымы:  
050013, Алматы қаласы,  
Жұлдыз көшесі,  
175-А 4-кірегі  
463-Бөме (Телерадио)  
тел: 273-67-64  
404-Бөме (Бас редактор)  
тел: 267-36-34  
факс: 272-86-11  
E-mail: kazgazeta@mail.ru  
www.tengemonitor.kazgazeta.kz  
kazgazeta@mail.ru  
Бөме ӘБДІРЖЫҚЫЗЫ